

Екі айда бір шығатын, мектепке дейінгі сәби тәрбиесіне арналған, ғылыми әдістемелік, педагогтік журнал

№6 (201) қараша-желтоқсан 2020 жыл
Журнал 1994 жылдан бастап шыға басталды

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дуанбекова Бейбіткүл Сатыбалдықызы
Бөлім редакторы – Әсем Ғабиденқызы
Дизайнер – Әмір Әбсадық

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Әбішқызы Сайраш
Бәтбаева Сәуле
Бейсенбиева Күләш
Беркімбаева Шамша
Жұмабекова Фатима
Қалыбаева Рахима
Шимашева Рахат

Теруге жіберілген күні 20.11.2020
Басуға қол қойылған күні 3.12.2020
Таралымы 751
Қалпы 84x108
Копьютерлік басылым
Баспа табағы 4,0
Шартты баспа табағы 4,67
Тапсырыс 211
Индекс 75745

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы қаласы
Халиуллина көшесі 212/25
Ұялы тел: 8 701 258 89 26,
8 747 723 62 84

Электронды пошта:
duanbekova58@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №8955-Ж куәлігі берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Отбасы және балабақша» ЖШС
«VEDA PRESS» баспаханасында басылды.
тел. +7 (727) 266 55 87
тел. +7 (727) 266 27 65
© «Отбасы және балабақша»
№6 (201) қараша-желтоқсан 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

ТӘРБИЕШІ, СІЗ ҮШІН: ОҚЫ, ҮЙРЕН, ҚОЛДАН

НҮРЖАНОВА С.Ү. «Мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі іс-әрекетінде белсенді сөздік қорын жетілдіру»2
АХМЕТБЕКОВА А, ИСМАКОВА Б. «Лабиринт» ойыны арқылы балалардың танымдық сөйлеу ерекшеліктерін дамыту3
НУРАХМЕТОВА С.М., АКТҮБЕКОВА Б.Н. «Дәстүрден тыс әдістер арқылы баланың қиялы мен шығармашылық қабілетін арттыру»5
БАЙҒАБЫЛОВА Ж. С. «Балабақша – тәрбиенің алтын бесігі»6
БАЙДАУЛЕТОВ С. «Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы»7

БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАМЫЗДА

ЖОЛДАНБАЕВА И.Н. «Мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыру»8
САДЫРОВА Ш. Ф. «Балабақшадағы пәндік – дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны»9
АМАНКУЛОВА Б.М. «Балабақшада бала тілін дамыту жолдары»10
ГУБАШЕВА Б. «Бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»11
ИЛЬЯСОВА Л.М. «Табиғат – тербеген тал бесік»13
ОМАР А. ИСАГАЛИЕВА В. «Баланың жан дүниесін өсемдікке баулу».....14
СУЮНДУКОВА Ш. СИСЕНОВА П. «Балалардың физикалық дамуы бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру»15
ҚАЛАУОВА А.Р., ИБАТӨЛЛА А. Ж. «Менің Тәуелсіз Отаным»16
СИСЕНОВА Н. ЕСКЕНДИРОВА Ұ. «Көңілді қыс»17
ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ А., ЖОЛДАСОВА А. «Менің туыстарым»18
АСАНОВА Г.Б. Ұрпақ тәрбиесі – баршаға ортақ маңызды міндет20
ДАУИТОВА Г.С. «Қазақтың ұлттық бас киімі – кимешек тігу»21
ҚУАНЫШЕВА Г.Х. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында қолданылатын дәстүрден тыс шығармашылық әдістер.....23
ЖУМАШЕВА Г.М. «Менің балам ұялшақ»25
ОРАЗАЕВА Г.Е. «Кім боламын?»26
РАХИМЖАНОВА З.Ж. «Тәуелсіздік төрінде»27
ҚУАНҒАЛИЕВА А.Т. «Ұшақтар самғайды»28
ТЛЕКОВА Г.А. «Ертегі еліне саяхат»29
САПИГАЛИЕВА А.Д. «Көлшіктегі үйректің балапандары»30
ҚАЖЫМОВА М.Ж. «Тағам бізге не үшін қажет?»32
АБУЛХАНОВА Қ.А. «Қазына аралына саяхат»33
АНДАБАЕВА А.Е. «Кішкентай спортшылар»34
АБУОВА Г.Ж. «Күзгі калейдоскоп»35

БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ

БЕКЖАНОВА Б. Адамгершілік-рухани тәрбие – адамзаттың басты құндылығы41
НУРГОЖИНА Р.О. Ертегі желісі бойынша сюжетті-бейнелі ойындар42
НУРМАНОВА Г.Н. «Дыбыстар мен әріптер»44
АЛДИЯРОВА А. «Ойлан тап»45
БАКТЫҒАЛИЕВА Г.Г. «Күз мерекесі – күз береке»46
ТӘКЕБАЕВА Н. Таудай талабы, ерекше талантымен танылған Айбибі – менің мақтанышым!47

ТӘСІЛ НЕГІЗІ – ТӘЖІРИБЕ

КАДЫРОВА С.С. «Қар ұлпасы»48
ҚАНАЙБЕК А.М. «Табиғат – таңғажайып әлем»49
ДӘУРЕНБЕК Г.А. «Дос іздеу»50
БӘКІР О.Ә. «Түймекыз» ертегісі51
ДӘРМЕНБАЕВА А.Ә. «Бауырсақ» ертегісі53
УСЕНОВА Б.Т. «Жайлауда»54
КАЛИАҚПАР К.Н. «Қуыршаққа арналған киім»55

ВОСПИТАТЕЛИ ДЕЛЯТСЯ ОПЫТОМ

БИСЕНОВА К.Т. «Семья и детский сад: два общественных института»56
ДАРАЕВА З.У. «Путешествие в страну «Красивой речи»57
СТАРКОВА Е.А. «В стране букв»59
ПЕСТИКОВА Р.М. «Дикие животные»61
АВДИНОВА Л.Т. «Путешествие в прошлое ложки»63



«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ БЕЛСЕНДІ СӨЗДІК ҚОРЫН ЖЕТІЛДІРУ»



НҮРЖАНОВА Сәния
Үржімбайқызы,
Атырау қаласындағы КМҚК
«Шағала» бөбекжай-бақшасының
әдіскері

Бүгінде қоғамда болып жатқан елеулі өзгерістер, тың жаңалықтар мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесіне, сапалы білім беру дәрежесіне айрықша көңіл бөлуді қажет етіп отыр. Өмірге енді ғана қадам басқан бүлдіршіндерді смартфонға тәуелді етпей, туған халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алғызып, көркем әдебиетіміздің туындыларымен сусындата алсақ қана, олардың жан дүниелерін жадырата аламыз. Сондықтан тәрбиенің алғашқы буыны болып саналатын мектепке дейінгі тәрбие орындары тәрбиеленушілерді әртүрлі балалық іс-әрекетінде халқымыздың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, ана тілін және орыс тілдерін үйретуге бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуі тиіс.

Бала тілді өзі өмір сүріп отырған отбасынан үйренеді, ал олардың бөбекжай-бақшаға келуіне байланысты сол табиғи процесс одан әрі толығына түседі. Бүгінгі бөбек-ертенгі азамат-қоғам иесі. Балғын бөбектерге қоғамдық орында ең алғашқы жол көрсетуші, бағыт беруші бөбекжай-бақша тәрбиешілері. Педагогтері кіршіксіз таза бүлдіршіндерге білім мен тәрбиенің есігін ашу педагогтарға абыройлы да жауапты міндет жүктейді. Өйткені баланың жеке басын қалыптастыру негізі отбасымен бірге мектепке дейінгі ұйымдарда қаланады. Баланың алғашқы сөздік қоры үлкендердің сөзін қайталаумен, сонан соң заттардың алдымен аты, кейін дәмі, иісі, түрі, пішіні, яғни, басты қасиеттерін ажыратуды үйрену арқылы толығады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының «Қатынас» білім беру саласы бойынша «Сөйлеуді дамыту» ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде кіші топ балаларының белсенді сөздік қорын дамыту үшін заттардың қасиеттерін, олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйретуге мән беріледі. Ал ортаңғы топ ба-

лаларының белсенді сөздік қорын дамыту үшін ойын мен ойын жаттығуларын кеңінен пайдалану, заттардың бөлшектерін ажырату және атауға үйрету, сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру, яғни ойыншықтар, киімдер, аяқ киімдер, ыдыстар, жиһаздарды айыра білу міндеті қарастырылған. Осы міндеттерді орындау мақсатында сөздік, көрнекілік, дидактикалық ойындар, тірек-сызбалар әдісі жаңаша мазмұнда тиімді әрі жүйелі қолданылуы керек. Белсенді сөздік қорын дамыту жұмысы балалардың белсенді түрде қолдана бастаған сөздерінің санының артуын көздей отырып жүргізіледі. Сөздік әдісі кезінде, мысалы өтпелі тақырыптардың бірі «Үй жануарлары» болатын болса, балалардың жас шамасына сай жануардың аталуы, түсі, дене бөліктері, көлемі, тіршілігі, қоректенуі, дыбыстауы, дыбыстап шақырылуы, адамдардың оларға қамқорлық жасауы, олардың адамға тигізер пайдасы сияқты қасиеттерін сипаттау сөздерімен күрделене түседі, әрі белсенді сөздік қоры артады. Баланың сөздік қоры дамыған сайын ауызекі сөйлеу барысында жалаң, жайылма сөйлемдерді айта бастайды. Ойын іс-әрекеті барысында сөздік ойындарды көбірек пайдалану керек. Мысалы «Кім көп сөзбен сипаттай алады?» ойынында алманы көрсетіп, оны сипаттау ұсынылады. Бала алма – тәтті, қышқыл, ащы, жұмсақ, қатты деп дәміне қарай сипаттауы мүмкін. Тәрбиеші жетекші сұрақ қоя отырып, оның жемістер тобына жататынын, күзде жиналатынын, талда өсетінін, одан шырын жасауға болатындығын, жұпар иісі ауа тазартатынын, дәруменге бай екендігін және тағы сол сияқты сипаттамалары арқылы баланың тек коммуникативтік-тілдік дағдыларын ғана емес, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын да қалыптастыра алады.

Бөбекжай-бақшада баланың белсенді сөздік қорын дамытуда жас ерекшелігіне сай жасақталған және ұйымдастырылған заттық-дамытушы ортаның да алатын орны ерекше. Дамытушы ортада бала өз құр-



дастарымен еркін түрде театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына, және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына («Қуыршақты жүргізу» техникасын қолдана отырып) қатысып, шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын жетілдіре алады. Бағдарлама бойынша баланың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды бақылау кезінде, тілді табиғи түрде дамыту мақсатымен ұйымдастырылған серуенде де белсенді сөздік қорын дамыта аламыз. Кейбір көріністер мен оқиғаларды көзбен көріп, таныса алады және аталуын жадында сақтайды. Баланың сөйлеуін дамыту үшін жеке-жеке заттар, әрекеттегі және мазмұнды заттар бейнеленген суреттер ұсынылуы мүмкін. Бұл тәрбиешінің қойған міндетіне байланысты. Баланың назарын бейнені әбден талдап қарауға бағыттау маңызды. Бұл бейнеге деген қызығушылығын арттырады, түрлі ойлау операциясын дамытуға, байланыс себептерін құруға көмектеседі. Нәтижесінде балада тәрбиешінің сөздерін қайталап қана қоймай, сондай-ақ, дербес өзінің ойын айта білуі қалып-

тасады. Балалардың түсініктерін, білімдерін бекіту мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде мазмұнды суреттер пайдаланылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар негізінен өте қарапайым түрде әңгімелейді, және тек жай сөйлемдермен немесе жетекші сұрақтарға бір сөзбен ғана жауап береді. Әсіресе көркем әдеби шығармаларды мазмұндап айтып беруде балалар біршама қиналады. Сондықтан тәрбиешілер балаға көңіл бөліп, оның қойылған сұраққа толық жауап беруін қадағалап, күрделі сөйлемді қайта айтқызып, сөйлем құрауға, сөйлемге қажетті сөздерді ойлап табуға көмектесуі қажет. Сондай-ақ, сөз жасау, сөзге түрлі жалғау, жұрнақ қосып айтуға, мазмұнды суреттерді көрсете отырып әңгіме құрауға үйретуі тиіс. Осы талаптарды жүйелі орындасак, нәтижесінде балалар мазмұнның жүйесін сақтай отырып, шағын шығармаларды айтып, бастап берген әңгіменің соңын ойдан шығаруға талпынады. Кітаптарға қызығушылық танытады. Таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналап, өз ойын жеткізе алады.

«ЛАБИРИНТ» ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ДАМУ

**АХМЕТБЕКОВА АЖАР,
ИСМАКОВА БАГЫТГУЛЬ,**
Қостанай қаласындағы №11
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері

Қазіргі таңда мектепке дейінгі жастағы балалардың интеллектуалдық қабілетін, танымдық сөйлеу ерекшеліктерін дамыту – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біз мектепалды даярлық топ балаларына арнап «Лабиринт» ойынын вариативтік компонент түрінде құрастырдық. Жалпы «Лабиринт» сөзіне тоқталатын болсақ, грек тілінен аударғанда, қандайда бір, екі немесе үш бағыттан тұратын шатасқан жолдан шығу деген мағынаны білдіреді. «Лабиринт» ойынының негізгі мақсаты балалардың сауат ашу негіздерінен алған білімдерін тиянақтау. Әр баланың іс-әрекеттері арқылы қабілеттерін көрсету, шығармашылығын дамыту. Лабиринт арқылы әріптер мен дыбыстарға, сөйлем құрауға, тақпақ жаттауға қызығушылығын арттыру. «Лабиринт» ойыны – Әліпби немесе Алфавит – жазу нұсқасы. Тілде оның құрылымын жазу үшін пайдаланылатын белгілі бір тәртіп бойынша орналасқан таңбалар, есептеу жүйесінде

пайдаланылатын барлық символдар жиынтығы. «Лабиринт» ойынын балалардың танымдық сөйлеу ерекшеліктерін дамыту мақсатында мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілеріне қосымша жұмыс ретінде ұсындық. Осы ұсынылған «Лабиринт» ойынында қазақ тілінің 42 әріпіне сөз, сөйлем, әңгіме, тақпақ, ертегі, жұмбақ құрастыра отырып және латын әліпбиінің 32 әріпіне арнап сөз құрастырдық. Барлық лабиринт сызықтары үйшіктен басталады. Балалар үйшіктен кіріп, әріптерді сызықтар арқылы тауып суретке жетуі керек. Өтпелі лабиринт және басқа тапсырмаларды орындау үшін Игровизорды ұсынамыз. Балалар суреттер арқылы сөйлем құрайды, жұмбақ шешеді. Біздің негізгі мақсатымыз балалардың қызығушылығын арттыру, бала қиялын ұштау болып табылады. «Лабиринт» ойынының латынша нұсқасын әріптестеріміздің назарына тәжірибе алмасу мақсатында ұсынып отырмыз.




«LABIRINT» OIYNY ARQYLY BALALARDYŃ TANYMDYQ SÓILEY EREKSHELIKTERIN DAMYTÝ

Qazirgi tańda mektepke deingi jastagy balalardyń intellektýaldyq qabiletin – tanymdyq sóileý erekshelikterin damytý-ózekti maselelerdiń biri bolyp tabylady. Biz mektepaldy daarlyq top balalaryna arnap «Labirint» oynyn varatvtik komponent túrinde qurastyrdyq. Jalpy «Labiirint» sózine toqtalatyn bolsaq grek tilinen shyqqan sóz. Qandada bir, eki nemese ú sh jaiynan turatyn shatasqan joldan shygý. «Labiirint» oynynyń negizgi maqsaty balalardyń saýat ashý negizderinen allan bilimderin tanaqtaý. Ar balanyń is-areketteri arqyly qabileterin korsetý, shygarmashylygyn damytý. Labirint arqyly aripter men dybystarsa, sóilem quraýyna, taqpaq jattaýyna qzygyshylygyn arttyrý. «Labirint» oyny – Aipbi nemese Alfavit-jazy nusqasy. Tilde onyń qurylmasyn jazý ushin padalanylatyn belgili bir tartip boynsha ornalasqan tańbalar, esepteý juesinde padalanylatyn barlyq simvoldar jyntygy. «Labirint» oyny arqyly balalardyń tanymdyq sóileý erekshelikterin damytýda mektepaldy daiarlyq toptarynyń tarbeshilerine qosymsha jumys retinde usyndyq. Osy usylyngan «Labirint» oynynda qazaq tiliniń 42 aripine sóz, sóilem, angime, taqpaq, ertegi, jumbaq qurastyra otyryp jane de qazaq latyn alipbiiniń 32 aripine arnap sóz qurastyrdyq.

Barlyq labirint syzyqtary ushikten bastalady. Balalar úishikten kirip, áripterdi syzyqtar arqyly taýyp sýretke jetý kerek.

Otpeli labirint jáne basqa tapsyrmalardy oryndaý ushin Igrovzordy usynamyz. Balalar sýretter arqyly sóilem qurady, jumbaq sheshedi.



Qostanai qalasyndagy №11 bóbekjai-balabaqshasynda mektepaldy daarlyq toptarynda osy «Labirint» oynyn varatvtik komponent turinde qoldanamyz. Bizdiń negizgi maqsatymyz balalardyń qzygyshylygyn arttyrý, bala qialyn ushtaý bolyp tabylady.





«ДӘСТҮРДЕН ТЫС ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ҚИЯЛЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ»

НУРАХМЕТОВА Салима Муканалиқызы,
АКТУБЕКОВА Базаркуль Нурмуканқызы,
 Қостанай қаласындағы № 61 бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері

Бүгінде жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, дүниетанымының қалыптасуына, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Бала бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру, өзінің жетістігіне іштей қанағаттануына мүмкіндік беру, қуаныш сезімдеріне бөленуіне жағдай жасау арқылы оның жан-жақты дамуына көмектесе аламыз. (1-слайд).

Қостанай қаласындағы №61 бөбекжай-бақшасында балалардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін жетілдіру, бейнелеу өнері туралы түсініктерін кеңейтіп әсемдікке, сұлулыққа баулу, алған білімдерін өз бетінше жұмыс барысында қолдануға дағдыландыру мақсатында дәстүрден тыс әдіс түрлерін үйретудеміз. «Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілетін арттыру» тақырыбы бойынша жүргізілген жұмысқа 5-6 жас аралығындағы бүлдіршіндер қатысты. «Шығармашылық» саласының сурет салу бөлімі бойынша 36 сағаттық вариативтік компонентті лицензиялық жұмысқа ұсынып отырмыз. (2-слайд).

Өз тәжірибемізде қолданылған әдістер бойынша балалардың қызығушылықтары, өздеріне деген сенімділіктері артты. Сурет салу үшін дәстүрлі емес әдістерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізе отырып, тағы бір байқағанымыз: бұл әдістің құралдары қызықты, әрі сурет салу жолы жеңіл болғандықтан, балалардың анықтау, зерттеу қабілеттері қалыптасты. Жүргізілген әдіс кезінде көру және саусақ моторикасы жақсы дамиды. Сондай-ақ, алуан түрлі әдістер балалардың жұмыстарының мазмұнын ашуға өз септігін тигізді. Әр бейне сәтті шыққан сайын бала өз жұмысының нәтижесін өзгелерге көрсетеді, қуанады. (3-4-5 слайд).

Дәстүрлі емес әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше кез келген затты әртүрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін меңгереді. Бала осы әдіспен сурет салғаннан бастап оны әрі қарай жалғастырғысы келеді.

Бейнелеу өнері сабақтарында жұмыс екі негізгі бағытпен жүргізіледі. Ол балаларға бейнелеу өнерінің құралдарымен жұмыс істеудің жаңа әдістерін үйрету. Балалардың қиялын, елестетуін, тілін дамыту. Олай болса, бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерінің бірнеше түріне тоқтала кетейік:

Үрлеу немесе түтікше арқылы сурет салу үшін коктейль түтікшесін алып, ақ қағазға бояудың бір тамшысын немесе бояудың екі түрін суға езіп, бір-бірімен жақын етіп тамызу керек. Әртүрлі бұтақшалар пайда болу үшін тамған бояудың дәл ортасынан сыртқа қарай әртүрлі бағытқа үрлеу қажет. Мұндай «сиқырлы» суреттерді салу бала бойындағы шығармашылық қабілетті шыңдап, тыныс алуын жаттықтырып, тілін дамытады. (6-слайд).

Құм терапиясы – баланың эмоциясын, сөйлеуін дамытып, түзетуге бағытталған әдістердің бірі. Саусақтардың қимылы табиғи саз-балшықпен жанасу арқылы босансып, жеңілдейді, ішкі дүниесі жандана түседі. Құммен сурет салу баланы тыныштандырады, еркін әрекет етуіне мүмкіндік береді, зейін, есті, қиялды, сөйлеуді дамытады. (7-слайд).

Манка жармасымен сурет салу балалардың қызығушылығын тудырады. Бұл әдіспен жұмыс істеу барысында олар өз қабілеттерін көрсетуге толық мүмкіндік ала отырып, қол жеткізген жетістіктерін сезінеді. (8-слайд).

Монотипия әдістері де өте қызықты. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. (9-слайд).

Бір басылымды сурет әдісімен салынған бейнелер балаға қуаныш сыйлайды. Екі сурет пайда болады. Бейне қағаз бетінде қалады. Түсірілген бояу көлемі мен оны сипау бағытына байланысты әртүрлі бейнелер пайда болады. Суреттің симметриялы бейнесі: альбом парағын көз мөлшермен екіге бөлу; бір бөлігіне бояу жағу; қағазды бүктеу керек. Қағаздың екі бөлігіне бірдей бейне түседі.

Жіп графикасы. Балалар жіп графикасы арқылы ерекше сурет салуға тамаша мүмкіндік алады. Жұмыс барысында картон немесе қағазды бүктеу; жіптің 2/3 бөлігін қою, бояуға батыру, жіпті бүктелген картон немесе қағаздың бір бөлігіне қою; оны қағаздың екінші бөлігімен жабу; қағазды алақанмен үстелге басып тұрып, жіптің таза ұшынан ұстап ары-бері қозғап, сонынан суырып алу. (10 слайд). Нәтижесінде аралас бейне пайда болады. Балалар қосымша бөліктермен толықтырып өз жұмыстарын аяқтайды. Соңында нәзік гүл шоқтарының бейнелері шығады. Сонда олар пайда болған бейненің ерекшеліктерін таба алады және еңбектеріне сәйкес келетін ат қояды. Мұнда бала интеллектуалды тұрғыда дамиды.



Тамшуырман сурет салмас бұрын ыдысқа су құйып (керек түсті) бояуды араластыру керек. Нәтижесінде бояуды тамшуырман сорып, өзге орынға тасымалдап әсем пішінге келтіруге болады. Бұл әдіс баланың ұсақ қол қимылын, тыныс алу ағзаларын, тілін дамытады. (11-слайд).

Жоғарыдағы технологияларды қолдану әр тәрбиеші мен педагог үшін өте тиімді. Бала отбасында өзгеше, ал балабақша қабырғасында мүлде басқа қырынан көрінуі мүмкін. Өзінің отбасында ғана емес, тәрбиеші мен достарының ара-қатынасынан да бала өмірлік іс-тәжірибе жинақтауы мүмкін. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың таным және шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекше орын алары сөзсіз. Жоғарыда аталған техникалар арқылы жүргізген жұмыс бала

бойында өз-өзіне сенімділіктің орнауына әсер етеді. Сондай-ақ, көркем-шығармашылық әрекеті, бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс түрлері бойынша сурет салу мүмкіндігін арттырумен бірге баланың шығармашылық қабілетін, қиялдауы мен ойлауын, жауапкершілігін, өз пікірін ашық айтуын, дербестігін - барлық қасиеттерінің ашылуы мен дамуына септігін тигізеді. Дәл осы қасиеттер бүлдіршін балалардың өмірдегі жетістігінің негізі болып табылады.

Күтілетін нәтиже: Балада көркем өнер туралы білім қалыптасады. Авторлық бағытта бейнелей біледі. Балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады. Сурет іс-әрекеттері арқылы бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы оянады. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасауды меңгереді.

«БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ»



БАЙГАБЫЛОВА
Жадыра Сабыржанқызы,
Қостанай қаласындағы №40-шы
балабақшаның тәрбиешісі

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» – деген, ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби.

Тәрбие мен білім – егіз ұғым. Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан біз үйдегі тәрбиенің жалғасы деп, балабақшадағы тәрбиені айта аламыз. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра білуіміз керек. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Бүгінгі заман талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады. Мектепке дейінгі мекеме балаларға үздіксіз тәрбие

мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие саласындағы ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы – ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Осыған орай білім беру жүйесінде де көп ауқымды істер қамтылған. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, инабатты, ақылды болып өсетіні белгілі. Баланы ұжымға тәрбиелеу, оның өз ортасындағы қарым-қатынасын қалыптастырады. Бүлдіршіндер балабақшада тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісінің көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір-біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» – деген сыпайылыққа тәрбиелейтін сөздерді жиі қолданады. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады.



Немқұрайлылықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға жол берілмейді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажет ермексаз, тақтайша, қылқалам басқада керекті заттарды дайындауға көмектесуін қадағалай отырып, біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға бау-

лимыз. Бала — болашағымыз, бала — қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту біздің басты мақсатымыз екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан бала тәрбиесі — баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол — заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

«БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ»



Сәділ БАЙДАУЛЕТОВ,
Қостанай қаласындағы
№61 бөбекжай-бақшасының
дене шынықтыру нұсқаушысы

Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы болып саналатын балабақшаларда дене тәрбиесі маңызды орын алады. Дене тәрбиесі мектеп жасына дейінгі баланың денсаулығын нығайтуға, өз бетімен қимылдар жасай білуге бағытталады. Балабақшада дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Таңғы жаттығулар, түрлі спорттық іс-шаралар, ұлттық ойындар. Бала үшін ең қызықтысы ойын. Сондықтан тәрбиені ойынмен ұштастыру басты міндет.

Баланы тек жәй ойнатып қана қоймай, бойына ұқыптылық, адамгершілік, татулық, намысшылдық, ептілік, шапшаңдық, адами қасиеттерді сіңіретін негізгі құрал — ұлттық ойындар. Педагог ретінде балаларға жан-жақты білім беруде ұлттық ойындардың маңызы зор екендігіне көзім жетті. Көнеден келе жатқан «Асық» ойындары, «Тоғыз құмалақ» т.б. ұлттық ойындарды балалар өте қызығушылықпен ойнайды. Осыған орай балабақша ішінде мектепалды даярлық тобында «Тоғыз құмалақ» ойынынан турнир өткіздім. Ең әуелі балалар тоғызқұмалақ тақтасында бағдарлауды, ойынның алдында құмалақты дұрыс орналастыруды, жүріс жасауды, тұздық алуды және басқа да ойын ережелерін үйренді. Олардың бір-бірімен жарыса әрі қызығушылықпен ойнаған ойындарын көргенде іштей риза боласың. Тартысты өткен додада сабырлық, төзімділік, ойшылдық сияқты қасиеттерін танытып, тәрбиеленушіміз Дарья Төретай 1-ші орынды жеңіп алды. 2-ші тұғырға Халиф Әлібеков тұрақтаса, 3-ші орынға Жанқуат Жарылға-

сын ие болды. Осы ойында ерекше көзге түскен бүлдіршіндерді жеке марапаттадым. Алдағы уақытта «Ханталапай» асық ойынын да үлкен деңгейде өткізсем деген жоспарым бар. Абай атамыздың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» — деп, айтқанындай баланың өмірінде қандай ойын, жаттығу, жарыс болсын ерекше орын алатыны сөзсіз.





«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»



ЖОЛДАНБАЕВА
Индира Нагашбайқызы,
Атырау қаласындағы
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының директоры

Қарым-қатынас бала өміріндегі іс-әрекетте жеке тұлға болып қалыптасуының, өзінің және өзге адамдардың әрекетін бағалай білудің маңызды жағдайы. Баланы қарым-қатынас жасай білуге үйрету – отбасының, педагогтардың жауапты міндеті. Білім ұйымдары балалар мен үлкендер өмірінің мәдени-әлеуметтік ортасы болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым - әлеуметтік қажетті әрекеттер мен мақсаттарды орындайтын ашық ұйым. «Мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыру» бағдарламасында балалардың айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастырудың алғы шарттары таныстырылады. Бағдарламаның маңыздылығы баланың әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай отырып, өзінің көңіл-күй сезімдерін бастан кешіре отырып дамуы. Балаларға әлеуметтік жағдай жасаудың моделі «міндетті дамыту» мүмкіндіктерін көтеруді бекітуге арналады. Онымен қоса, бұл ұғымның астарында қоғамның адамнан талап ететін шарттары берілген. Бұл жинақта бір-біріне көмектесу ұғымы, басқаға кедергі жасамауға, топта бірге белсенді жұмыс жасауға, бірін-бірі бөлмей қарауға, өз заттарын, ойыншықтарын жинауға, теледидарды, магнитофонды қосып, ажырата білуге үйретіледі.

Бағдарлама негізіне отандық және шетелдік ғалымдардың ересек топ балаларының психо-физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім, білік, қарым-қатынас жасаудың дағдыларын алу көзделді. Көзделіп отырған ауқымда қарым-қатынас жасай білуге үйрету, баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты: Балаларды айналада қоршаған ортада кездесетін қауіпсіздік жағдайда өзіндік іс-әрекет дағдыларын, қоғамдық құрылымда жауапкершілік, өзін және басқаларды түсіне білуін қалыптастыру. Түрлі жағдайларда, түрлі қоғамдық орындарында жүріп-тұру ережелерімен таныстыру.

Бағдарламаның міндеті: Айналадағы адамдар мен олардың әрекетіне қызығушылық танытып, жана-

шырлық сезімге тәрбиелеу. Әртүрлі жағдайларда балалардың құрдастарымен, педагогтармен, ата-анамен т.б. қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру. Өз мінез-құлқы мен тәртібін талдап бағалай білу. Қарым-қатынас кезінде эмоционалдық көңіл-күйін өзіндік бағалау қабілетін көтеру. Балаларды қарым-қатынас кезінде жақсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, өмірде кездесетін келеңсіз жағдайларды ортақ шешімге келе отырып шешуге баулу. Коммуникативтік іс-әрекетте белсенді, өзіндік, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

Бағдарламаның өзектілігі: Қазіргі жаңашыл қоғам дамуындағы білім саласының мақсаты көпұлтты демократиялық мәдени-қоғам дамуында өмірге бейім жас ұрпақты дайындау. Балалардың 5-6 жастағы кезеңі қарым-қатынастың қалыптасып дамитын кезеңі. Осы кезеңде әлеуметтік ортамен танысудың негізі қаланады. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында баланың қоғамдағы жалпы тәртіп дағдыларына баса назар аударылады. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуына отбасы, көршілер, айналадағы орта, мектепке дейінгі ұйым, үлкендер, ақпарат құралдарының ықпалы зор.

Күтілетін нәтиже: Бағдарлама барысында балалар төмендегідей дағды мен іскерлікті меңгереді. Заттық-тәжірибелік дағдыларды меңгеруі: Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларына үйрету (салауатты өмір салтының негіздерін сақтау, жеке бас тазалығы мен күн тәртібінің орындалуы, жеке заттарын таза әрі ұқыпты ұстау, отбасына көмек, ас әзірлеуге, отбасы мүшелері және кішкентайлар мен үлкен кісілерге қамқорлық көрсету т.б.). Әлеуметтік кеңістікте бала іс-әрекетін ұйымдастыру, ойын және ойыннан тыс мезгілде құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынаста басқаның пікірімен санаса отырып, өзінің де пікірін айта білуге баулу; техникалық құралдарды (телефон, телевизор, магнитофон, компьютер) қолдана білуге үйрету. Қоғамда жеке бас қауіпсіздігін сақтау. (Үйде күн тәртібін сақтау, жол ережесін білу, көліктегі және



табиғаттағы тәртіп, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас т.б.). Балалардың адамгершілік құндылық бағдарын халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру. Өз халқының тарихын, мәдениетін, табиғатын және басқада халықтардың мәдениетін танып білу. Отбасы

мен қоршаған ортада рухани-адамгершілік дағды мен білімдердің қалыптасуы; алған білім дағдыларды мектепте қолдана алуы. Бұл бағдарлама – әлеуметтік ортада баланың қарым-қатынас жасай отырып дамуына көмектеседі деген ойдамыз.

«БАЛАБАҚШАДАҒЫ ПӘНДІК – ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫҢ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ОРНЫ»



Садырова Шынар
Файзуллақызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының әдіскері

Баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, өз қабілетін сезіну және қолдануға мүмкіндік беретін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытатын пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыру маңызды. Мектеп жасына дейінгі балаға мұндай орта оның жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажет. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет балаға белсенділігін, қоршаған ортаны еркін тануға деген қызығушылығын, танымын, шығармашыл бейнелеуге деген ынтасын қалыптастырады. Сондай-ақ, баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етіп, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда да заттық-дамытушы орта ерекше орын алады. Тәрбиешінің қызметі пәндік-дамытушы ортаны және оның құралдарын пайдалана отырып, баланың табиғатына тән қасиеттерін анықтау және оны дамытуға көмектесу болып есептеледі. Сондықтан баланың шығармашылық белсенділігін дамыту және білім алуын жүзеге асыруда дамытушы ортаны ұйымдастыруға бақшада ерекше көңіл бөлінді. Бақшамызда тәрбиеленуші дамуының әрбір кезеңінде жеке шығармашылығын қалыптастыруды жүзеге асыру үшін пәндік-дамытушы ортаны көп кезеңді, көп қызметті етіп жасақтадық. Педагогтар арнайы құрастырылған пән-

дік-дамытушы ортада тәрбиелеу және білім беру үдерісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын пайдаланды. Бақша топтарының пәндік дамыту ортасының қызмет жағдайы оқу-тәрбие жұмысына сәйкестендіре әртүрлі материалдармен толықтырылған. Мүмкіндігінше арнайы жабдықталған пәндік-дамытушы ортада барлық топ балаларын танымдық шығармашылық іс-әрекетке бір уақытта белсенді араластыруға көңіл бөлеміз.

Баланың жеке қасиетін, қабілетін, өзіндік іскерлік және шығармашылығын қалыптастыруда пәндік-дамытушы ортаны ұтымды пайдалануға жағдай жасау аса маңызды. Барлық топтарға пәндік-дамытушы ортаны толықтыру жұмыстарын жаңартып, үздіксіз жалғастыру әдістемелік жұмыстың негізі деп бағаланады. Дамытушы ортаны жобалағанда баланың жеке тұлғасына көңіл бөлініп, оның жеке тұлға ретіндегі іс-әрекетімен байланыстырылады. Осы мақсатта топтарда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес, әртүрлі белсенді іс-әрекеттерді атқару үшін бірнеше орталықтар жасақталды. Олар: кимыл-қозғалыс орталығы; ойын әлемі; бейнелеу-шығармашылық орталығы; табиғат орталығы және әдеби орталық. Дамытушы орта балалардың оқу қызметінде алған білімін тиянақтау, пысықтау үшін күнделікті алмастырылып, толықтырылып отырылуы қажет.

Заттық-дамытушы орта келесі талаптарға сай болуы тиіс: Жаңа құралдар мен өзгерістер енгізуге



ашық және икемді болуы; тартымды, ақпаратқа бай, қызметі алуан түрлі; құралдар кіріктірілген ҰОҚ мазмұнына сәйкес және өтпелі тақырыптарға сай жан-жақты рәсімдеу; ересектер мен балалардың бірігіп әрекеттесуіне лайықты ұйымдастырылуы жұмысын жалғастыру. Барлық топтарда пәндік – дамытушы органы толықтыру жұмысын жалғастыруда тәрбиешілерге ізденіспен жұмыстануға ұсыныс беріліп отырылуы қажет. Мысалы: балаларды дамыту ортасы сюжетті-рөлдік ойындарға арналған ойын құралдары, көп жақты текше; үлгілер (үй, гараж, карта-кесте, ойын аймағы және шымылдық), шағын көлемдегі кейіпкерлердің жиынтығы, ертегілердегі жануарлардан тұрады. Кіші топ балалары ірі ойын жабдыктарын ұнатады, сонымен қатар ол жабдыктар көзге тартымды, ашық түсті болғаны дұрыс. Әдеби орталық балалардың оқуына арналған кітаптар: халық ауыз әдебиетінің шығармалары, қазақ, орыс халықтарының және әлем халықтарының ертегілері, қазіргі заманғы авторлардың шығармалары, (әңгімелер, ертегілер, такпақтар) мерзімді әдебиеттер, ауызша шығармашылық (балаларға арналған жұмбақтар, әңгімелер альбомы) материалдармен толықтырылғаны

жөн. Топтардағы сөйлеуді дамыту құралдары мен ойындарының жинақталған түрлері – түрлі мазмұнды суреттер, әріптер қойылатын немесе жапсырылатын қатты қағаз беті, үстел ойындары. «Сиқырлы кітап» (балалардың айтуымен құрастырылады және әсемделеді). Сахналандырылған іс-әрекет: Сүйікті ертегілерді сахналауға қажетті қалпақ, бетперделер, қуыршақтар театры, қолдан жасалған ойыншықтар театры, саусақ, қолғап театры, қатты қағаздан қиылған бейнелер театры, көлеңкелі театр, әсем бұйымдар бұрышы (моншак, білезік, орамал). Кесінді суреттер мен жапсырма суреттері бар кітапшалар, кесілген суреттер ойындары мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, топтағы пәндік-дамытушы орта өтпелі тақырыптар бойынша алмастырылады. Бала жасына лайық, оған қызықты және пайдалы болатын, дамуына септігін тигізетін дамытушы ортаны тандап, жасақтап алу маңызды. Әр орталықтағы түрлі көрнекіліктің көмегімен біз баланың тілін, оның психикалық және физикалық қызметтерін қарқынды жас ерекшелігіне сай дамытамыз.

«БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ»



АМАНКУЛОВА
Ботагөз Маратқызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру сапасы жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ ұлтымыздың қазынасы. Білім беру балабақша табалдырығынан бастау алады. Барлық білім бастауы балабақшада. Заман талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу тәрбиешінің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жанарып, толықтырылып жатыр.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны-сөздің жалпы ұғымын меңгертуге көп көңіл бөліп, өз ойын еркін жеткізу, қоршаған ортамен, айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Балабақшада тіл-

дік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеу. Ауызша сөйлеу сөздерді байланыстырып айту арқылы жүзеге асырылады. Балалардың сөздік қорын, тілін дамытуда жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолданамыз. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану-үздіксіз білім, тәрбие беру сапасын арттырады. Қазіргі балалар берілген ақпаратты тез қабылдап алады. Олардың есте сақтау қабілеттері жоғары екенін аңғаруға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын кеңейтіп, сөздік қорын дамытуда, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балаларға оқылатын шығармалар олардың ой-өрісіне, дүние-танымына әсер етерліктей болу керек.



Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттап айтуға таңдалған шығарма олардың даму деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы шарт. Оқылатын шығарманың суреттерімен көрнекі бейнеленуіне назар аудару керек. Оқиға бала түсінігіне сай келетін, оған айрықша әсер туғызған шығарманы тыңдап отырғанда, ол сол оқиғаға өзі араласып кететіндей әсер алуы керек. Әдеби шығармалардың тілі де жеңіл, көркем, балаға түсінікті, олардың сөздік қорын жаңа сөздермен байытатындай болуы тиіс. Балаға тілді үйретуде, сөздік қорын молайтуда, тілін дамытуда қолданылатын негізгі құралдар санамақ, бесік жыры, әңгіме-аңыз, ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдердің орны айрықша. Ертегі мен әңгімені, өлең тақпақтар мен жаңылтпаш, жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту тек қана олардың сөздік қорын дамытып қана қоймай, сонымен қатар сәбидің ақыл-ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, патриот болып өсуіне, өз ұлтын, туған жерін, Отанын қадірлей білуіне ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің тигізер ықпалы өлшеусіз. Өйткені бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, енбекке құлшынып өседі.

Баланың тілін дамытуда сөздік жұмысты қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстыра отырып, жаңа сөздер қамтылатындай түрлі ойындар арқылы көру, есту, тыңдау, қайталау, есте сақтау, жаттау қабілеттерін дамытып, балаларды сөйлесе білуге, сөйлемдерді дұрыс айтуға, тәрбиешінің сұрағын түсініп, дұрыс жауап беруге баулу көзделеді. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал-мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар бала тілін дамытуда

шешуші орын алады. Өз тәжірибемде тобымдағы балаларға ертегілерді алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң қайталау мақсатында сахналап рөлге бөліп ойнатамын. Мысалы «Бауырсақ», «Шалқан», «Мақта қыз бен мысық», «Үш торай» ертегілерін, басқа көркем әдеби шығармаларды оқып беріп, олардың мазмұнын сұраймын. Мысалы «Күз» өлеңі арқылы балалардың күз туралы білімдерін тиянақтап, ырыс, құт-береке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамытуға болады. Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған ұлттық ойынның көркем жиынтығы мақал-мәтелдер арқылы да беріледі. Мақал-мәтелдер негізінен инабаттылыққа, адмгершілікке, бірлікке баулиды. Мысалы: «Отан отбасынан басталады», «Досы көпті жау алмайды», «Отан үшін отқа түс, күймейсін» және т.б. мақалдарды күнделікті пайдаланып, балаларға түсіндіріп, қайталап отырамын. Баланың тілін дамытуда жұмбақтар да үлкен рөл атқарады. Әр оқу іс-әрекетін жұмбақ айтумен бастаймын. Балалар жұмбақтардың шешуін дұрыс табуға тырысады. Сондай-ақ, баланы анық сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдісі - жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы балалар дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай айтуға үйренеді. Қорыта айтқанда, балалардың өз ана тілінде дыбыстарды анық айтып, тілінің дамуына, дұрыс сөйлей білуіне балабақшада берілетін тәрбиенің ықпалы зор. Сондықтан қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда, әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, олардың жас ерекшеліктеріне қарай әдеби мұралармен сусындату аса маңызды.





«БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ»



ГУБАШЕВА Баян,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келгеннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болуы үшін қажет жағдай жасайды. Оған баланың қажеттілігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан жиренуге үйрету, бойына жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Білім мен мәдениет отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілікте. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды ерекше жақсы көреді. Өзі жақсы көрген адамға еліктегіш келеді. Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы – ұлттық мәдениетінің маңызды белгісі болып табылады. Сондықтан, халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» – деген мақал бар. Бұл халқымызға тән қасиеттер мен ұлттық сананы қалыптастыру, ұлтымыздың дүние-танымдық тәжірибесін жалғастыру дегенге саяды. Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударған. Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат – мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Жас ұрпақты Отанын, туған жерін сүйіп, оны қорғай білуге үйрету, бала бойында патриоттық сезім мен адамгершілік сана қалыптастыру – әр азаматтың міндеті. Өйткені, елдің ертені, киелі жердің иесі – жас ұрпақтың тәрбиесі баршамызға ортақ. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған ұлттық мұрамыз, дана сөздер десек, біз сол даналықтың жаршысы бола білуіміз керек. Мағжан Жұмабаев «Бала тәрбиесі-бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер»

– деп, тегіннен тегін айтпаса керек. Баланың жаңа туған кезінен, есі кіріп, ер жеткенге дейінгі уақыт толықтай тынымсыз еңбекті қажет етеді. Жаңа туған нәресте ата-анасының, туған-туыстарының күле қарап, жылы сөйлеп, жақсы көруінен, иіскеп сүйгенінен өзін бақытты сезінеді. Жыламайтын, мазасызданбайтын, ауырмайтын сәби жок. Әсіресе, жас нәресте жылаған кезде қолыңызға алып, жанында отырғаныңыздың өзі жұбаныш. Мұндай сәби ата-ана ықыласынан, назарынан тыс қалмағаны жөн. Сонда оның бойында сенімділік сезімі қалыптаса бастайды. Жалғыздық, керексіздіктен туындайтын үрей, қорқыныш, жалтақтық бойын билемейді. Өмір тәжірибесі көрсеткендей бала көбінесе тісі шыққанда, жүре бастағанда, сөйлеуге талпынғанда ерекше жылауық болып келеді. Барлық ата-ана баласын еркелетіп өсіреді. Тек, кейде оның шектен тыс болмағаны жөн. Керісінше, біздің көп ата-аналарымыз баласының қалаған барлық тағамын беріп, кигісі келген киімін үстіне кигізіп, қалаған барлық заттарын сатып алып береді. Мұны ұл-қызының мұқтажсыз өмір сүруіне жағдай жасау деп түсінеді. Содан бала ешнәрсенің нарқын, парқын білмей өседі. Ержете, ата-анасына өтініш көбейіп «аспандағы айды алып бер», – деуден де тынбайды. Мұның соңы міндетсінуге алып келуі де ғажап емес. Әрине, бауыр етің балаң болған соң таршылық көрмесін деген түсінікпен барын салатын ата-аналарды да түсінуге болады. Бірақ, кейде тар түсініктер рухани тапшылыққа әкеліп жатады. Балаға тек қана мейірім, жылылық, материалдық қажеттіліктен бөлек, болашаққа бағыт беріп, өз ойын қалыптастыру мен еңбекқорлыққа тәрбиелеу де қажет. Ол үшін балаға кішкентайынан өз бетімен шешім қабылдап, іс-әрекеттер жасауына рұқсат беріп отыру керек. Бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Балаларымыздың тән саулығы мен қатар жан сұлулығы, рухани өсуі маңызды. Бала-біздің бауыр етіміз, бақытты болашағымыз. Олай болса, бала тәрбиесіне өмірге келген күннен бастап айрықша мән берейік.



«ТАБИҒАТ – ТЕРБЕГЕН ТАЛ БЕСІК»



ИЛЬЯСОВА Ләззат Мұратқызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

*Көзі ашық, ертеңін анық көрер,
Қиындықтың зіл тасын жарыпты өнер.
Тау мен дала, елінің таңғажайып,
Табиғаты адамға шабыт берер.*

Бұл өлең жолдарының әр сөзі балалардың туған елге деген ыстық сезімдерін тудырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятады. «Табиғат – тербеген тал бесік» демекші, баланы табиғатпен таныстыра отырып, оның сан қырлы бояуларын көрсетіп, түсіндіру – әрбір тәрбиешінің негізгі міндеті. Балаларға табиғат жайында өлең шумақтарын үйреткен кезде жай ғана жаттатып қоймай, әр сөздің мағынасын тереңірек түсіндіріп, білім берсе, олардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігі ерекше арта түсері анық.

Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасында балаларды табиғатпен таныстырудың: саяхат серуен, мақсатты серуен, бақылау серуен сияқты бірнеше түрі бар. Балалар табиғатты бақылай отырып, оның суын, тасын, ағашын, құсын, жәндігін көзбен көріп, қолымен ұстай алады. Сол көргендерін естерінде ұзақ сақтау үшін «табиғат бұрышында» бақылау күнделігін жүргізудің маңызы зор. Бақылау күнделігі әр топта баланың жас ерекшелігіне қарай әртүрлі жүргізіледі. Мысалы: II кіші тобында «бақылау күнделігін» суретті кейіпте әрі ойын арқылы жүргізуге болады. Ол үшін тәрбиеші «табиғат бұрышына» бағдарламаға сай алынған жыл мезгілдеріне байланысты суреттерді жинап қояды. Жиналған суреттердің негізі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер: жел, күн, бұлт, жанбыр, қар, т.б. болуы тиіс. Бұл балалардың табиғаттың қарапайым құбылыстарын ажырата білулеріне септігін тигізеді. Сонымен қатар балалар әр мезгілде қалай киіну керек екендігін де білулері тиіс. Ол үшін қуыршақ пен жыл мезгілдеріне сай киім-кешектер де сол жерден орын алады. «Табиғат бұрышында» бақылау күнделігін жүргізуге, белгілеуге арналған қал-

ташалар әзірленеді. Балалар серуен кезінде бақылағандарын бейнелейтін суреттерді тауып, қалташаларға салып отырады, яғни серуен кезінде көрген - білгендерін бекітеді.

Тәрбиеші осы көрнекіліктерді пайдалана отырып, балалардың табиғат құбылыстарын қалай түсінетіндерін тексере алады. Бұл әдіс ойын арқылы жүргізілетіндіктен де қызықты, сонымен қатар бала үшін әрі серуен, әрі тәрбие, әрі оқу болмақ. Балалармен біріге отырып бақылау күнделігін жүргізу балалардың табиғат құбылыстарының әртүрлі болатынын түсініп, есте сақтау қабілеттерін арттыруға ықпал етеді. Ересек топ балаларының ойлау қабілеті кіші топтағы балалардың ойлау қабілеттеріне қарағанда, анағұрлым жоғары. Сол себепті ересек топ балаларының бақылау жұмысын біршама күрделендіру керек. Бұл топтағы балаларда ортаны танудың физиологиялық механизмдері өзіне сай жоғары даму деңгейіне жетеді. Іштей ойлау, ой түйю қабілеттері қалыптасады. Балалардың ақыл-ес, ой-сана және жүйке жүйесінің қозғалуы мен тежелуі ширығып, күшейіп, тепе- теңдік сипатқа ие болады. Табиғат туралы кәдімгідей түйсік, таным қалыптасады. Ойын мен еңбек әрекеті ұштаса жүреді. Табиғат жайында балаларға алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып, қарапайым білім беру – тәрбиешінің басты міндеті. Осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түсінік қалыптастырады. Тәрбиеші балаларды табиғат құбылыстарымен таныстырып қана қоймай, әдемілікті түсініп, сезе білуге, күн сәулесінің шуағын, жанбырдың нұрын, ормандағы құстардың сайрағанын зерделеп, түйсінуге баулиды. Сондай-ақ, табиғаттың өзі де бала түйсігіне із салады. Жыл мезгілдерінің ауысуы, орман, таудың сұлулығы, ауа райының құбылмалылығы, адамдардың күнделікті еңбек әрекеттері – бала үшін өмір мектебі.



«БАЛАНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІН ӘСЕМДІЛІКKE БАУЛУ»



ОМАР Айзада,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
музыка жетекшісі



ИСАГАЛИЕВА Венера,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
музыка жетекшісі

«Кұлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» – деп, ақын Абай атамыз айтқандай жақсы ән-күй өзінің сиқырлы әуені арқылы адамның жан дүниесін әсемдікке баулиды, жақсы қасиеттерді дамытады. Ал В.А. Сухомлинский «Музыкалық тәрбие – бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» – деп, тегін айтпаған. Эпос, дастан, ертегі, мақал-мәтелдер, тарихи аңыз әңгімелер түрінде біздің заманымызға дейін жеткен халық шығармалары күні бүгін де сазды-эстетикалық тәрбие берудің пәрменді құралы болып саналады. Музыкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл-ойы мен қиялын тәрбиелеу мүмкін емес. Заман ағымына байланысты түрлі жаңалықтарды тәжірибемізге енгізе отырып, ән-күй сабағымен қатар тақырыптық сауық кештерін, ертеңгілік сәттерді жиі ұйымдастыру бала көңілінен шығатынын байқадық. Балаларға арналған саз қуанышты сезімдер әлемі. Баланың музыканы тыңдау, қабылдау, есте сақтау, тану, ажырату әнді жеке айту, қосылып айту, әннің сөзін анық дұрыс айту, әні мен сөзі арасындағы бірлестігін, ән мен дене қимылдарының үйлесімдігін бере білу, әнге деген сүйіспеншілігін, әсерлену, қызығушылығын қалыптастыру, дамыту – саз жетекшісінің шеберлігіне, іскерлігіне, білімділігіне байланысты. Яғни, білімді, тәжірибелі педагог балаларды ән айтуға, еркін қозғалысқа, биге үйретеді. Сол арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамытады. Саздық тәрбиенің негізгі мақсат-міндеттері баланың жас ерекшелігін, шама-шарқын ескеріп, жеңіл саздық репертуарлардан бастап, біртіндеп күрделендіре отырып, жүзеге асыру. Ән айта білу бұл үлкен өнер. Біз балаларға ән айтудың өзіндік сырын, техникасын, тыныс алу кезеңдерін, дауысты жоғары көтеру сәттерін, сезімдік ерекшеліктерін түрлі сазды дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асыруға тырысамыз. Музыка сабағында сазгерлердің өмірімен және шығармаларымен үнемі таныстырып отырамыз. Нақтылау барысына арналған ертеңгіліктер, түрлі ойын-сауықтар өткізіледі. Өткізілетін

барлық іс-әрекеттердің нәтижесі мерекелік ертеңгіліктерден көрініс табады, және балалардың меңгеруі, есту қабілетінің дамуы, пәнаралық байланысын анық байқаймыз.

Бүлдіршіндер үшін түрлі мейрамдар мен шараларды ерекше әсем, қуанышты, жадында керемет естеліктер қалдыратындай етіп ұйымдастырамыз. Барлық балаларды мерекелік шараларға белсене қатыстырып мейірімділікке, кейіпкерлердің әрекетін дербес бағалау шеберлігіне үйретеміз. Сондықтан мерекелік шараларды балабақша қабырғасында неғұрлым әсерлі, тек қызықтыру үшін ғана емес, бүлдіршіндерге ұлағат боларлықтай етіп өткізудің мәні зор. Біздің жұмыстың тағы бір негізгі шарты балалардың жылдан-жылға саздық деңгейінің дамуы және сазға деген көзқарасының қалыптасуын анықтау. Сазға икемділік диагностикасы саз жетекшісінің ең маңызды және жемісті жұмыстарының бір бөлігі. Жеке диагностикалық сабақтар әр баланың саздық даму деңгейін, ал сазға икемділік диагностикасы жеке баланың және бүкіл топтың саздық шығармашылығын анықтайды. Баланың диагностикалық негізін саз жетекшісі оның жас мөлшеріне байланысты сараптайды. Сондықтан да төмендегі құрылым бойынша жүйелі ұйымдастыруды көздейміз.





Музыка ұйымдастырылған оқу қызметі





«БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ БОЙЫНША ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»



СУЮНДУКОВА Шынар,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
дене шынықтыру
нұсқаушысы



СИСЕНОВА Перизат,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
хореографы

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың физикалық дамуы, жасына байланысты бойының және салмағының өсуі, қимыл-қозғалысының жетілуі, ақыл-ойы, адамгершілік дамуының негізі қаланады. Дәл осы жаста ересектердің балаларға беретін тәрбиесі мен білімі мазмұнды және ол балаға тікелей әсер ететін болса, онда бала ағзасы барынша жылдам қарқынмен дамиды. Сондай-ақ, ата-аналар, отбасының басқа мүшелерінің балалармен және ересектермен әрекеттері бала дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламаларына арналған жалпыға міндетті стандартта «Денсаулық» білім саласының арнайы міндеттемелері белгіленген. Дене тәрбиесі – адамның дене мүшелерін шынықтырып, бала психикасының дамуына әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімнің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған көп қырлы педогогикалық процесс. Сондықтан дене тәрбиесі мен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін сапалы ұйымдастыру үлкен мағынаға ие.

Бақшамызда арнайы дене шынықтыру, хореография залы, аулада стадион жасақталған. Күн тәртібіне сәйкес ертеңгілік жаттығу өткізуде оның ұйымдастырылу сапасы үнемі бақылауға алынып, жаттығудың әдістемеге сәйкестігі, педагогтың дайындығы мен білімі, балалардың қимыл-қозғалысының белсенді даму дағдысының қалыптасу деңгейі анықталып отырады. Қазіргі технологияның дамыған заманында орнымыздан қозғалмай жұмыс жасау мүмкіндігі мол. Бірақ оның да пайдасыз жақтары бар екені бәрімізге мәлім. Себебі мектеп жасындағы балалардың арасында омыртқаның қисаюуы, жалпақтабандылық, балалардың қозғалысқа ынтасының жоғалуы, артық салмақтылық, т.б. сияқты аурулар көптеп кездесуде. Сондықтан мектеп жасындағы балалардың қарқынды

жетілу жұмысын нығайту мақсатында бақшамызда балалармен хореография және дене тәрбиесі нұсқаушысы біріге отырып олардың қимыл-қозғалысын жетілдіруге ерекше мән береміз. Сол себепті, бақшада «Хореография» және «Дзюдо» үйірмелері жұмыс жасайды. Балалардың ерте жас кезеңінен бастап денсаулығын сақтауға, тамақтануға, қауіпсіз ортасына, психологиялық-әлеуметтік және танымдық дамуына деген қажеттіліктері назардан тыс қалмай, бірін-бірі толықтырып, өзара байланыста және асқан үйлесімділікпен қанағаттандырылуы қажет. «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» – демекші, дене, музыка, хореография оқу қызметтері мақсатын ұштастыра білгенде ғана нәтижеге қол жеткізе аламыз. Хореография үйірмесінде тек би үйретіліп қана қоймай, бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері нығайып, дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады. Мысалы, ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақтабандылық, омыртқа қисаю ауруларының алдын алады. Сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра, есте сақтау қабілеттерін жақсартатынына көзіміз жетті. Оның дәлелі, жылма-жыл үйірмеге қатысушылардың сұранысының артуы, бақша медбикесінің мониторингі бойынша аурусырқаудың азаюы, әрбір жоспарлы тәрбиелік шараларда балалардың қимыл-қозғалысының нақты әрі ширақтығы бізді де жігерлендіруде.

Бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті екенін есте ұстай отырып, дені сау ұрпақ – жарқын болашақ кепілі екеніне үлкен үмітпен қараймыз.



«МЕНИҢ ТӘУЕЛСІЗ ОТАНЫМ»



ҚАЛАУОВА Асылзада
Рахымқызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Сөйлеуді дамыту.

Мақсаты: Балалардың Отан туралы, ҚР рәміздері, еліміздегі ұлттар достығы, туған қаласы туралы түсініктерін кеңейту. Тақпақ, мақал жаттату, дыбыстық жаттығуларды айтқызу арқылы балалардың тілдерін жаттықтыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын көбейту, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Өз елін, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: Интерактивті тақта, «Сикырлы қалам, «Менің Отаным» постері, флипчарт.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндірме, сұрақ-жауап, флипчарт, интерактивті ойындар.

Шаттық шеңбері.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар? (Сәлеметсіз бе!).

– Балалар, Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? (Отан – біздің еліміз, туған жеріміз, ауыл-қаламыз, отбасымыз, біздің балабақшамыз).

– Біздің республикамыз қалай аталады? (Қазақстан Республикасы).

– Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер? (Балалардың тақпағы).

– Балалар, Қазақстан қандай мемлекет? (Тәуелсіз мемлекет).

«Менің Отаным». (Мнемотехника әдісімен жұмыс).

– Балалар, Отан туралы мақалдар, тақпақтар көп. Бүгін біз «Отан – отбасынан басталады» - деген мақалды пиктограммалар арқылы айтып көрейік және тез жаттап алуға тырысайық! (Балалар тапсырманы орындайды).

– Енді, мына тақпақты тыңдаңдар.

Отан – менің ата-анам,

Отан – досым, бауырым.

Отан – өлкем, астанам.

Отан – туған ауылым.



ИБАТОЛЛА Айболсын
Жарқынқызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Осы тақпақты мнеможолдар арқылы еске сақтаймыз. (Балалардан кері сұралады).

«Рәміздерім – мақтанышым!».

– Біздің республикамыздың рәміздері бар. Балалар, Мемлекеттік рәміздер туралы алған білімімізді Дина мен Данияр есімізге түсіреді. Ол үшін экранға назар аударамыз.

Ойын: «Қай рәмізде бар?». (Флипчарт ойыны).

– Балалар, бұл ойында Ту мен Елтанбаға қатысты белгілердің қай рәмізге сәйкес келетінін тауып, сөйлем құрап айтасындар. Күн қай рәмізде бар? («Күн туда бар». «Туда күн бар»).

Дыбыстық жаттығу: Қ-қ-қ, казак, Казакстан.

– Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар? (Қ дыбысы).

«Менің ұлтым ...»

– Балалар, біздің кең байтақ Қазақстан жерінде көп ұлттың өкілдері тұрады. Олар: қазақтар, орыстар, кәрістер, украиндар, т.б. ұлт өкілдері. Олар бір аспан астында тату-тәтті өмір сүруде. Енді, балалар, өз ұлттарыңды қазақ тілінде айтып көріңдерші. («Менің ұлтым – қазақ. Менің ұлтым – орыс. Менің ұлтым – кәріс»).

Сергіту сәті.

«Менің қалам».

– Балалар, сендер қай қалада тұрасындар? (Атырау қаласында тұрамыз).

– Қаламыз қандай? (Қаламыз үлкен, әдемі, көрікті).

– Иә, балалар, қаламызда әдемі, көрікті жерлер көп. Мына тақтадағы сурет бойынша кім жауап береді? Қаламызда нелер бар? (Қаламызда ескерткіштер, бұрқак, саябақ бар).

– Балалар, Тәуелсіздік туралы не білеміз? (Балалардың тақпағы).

Қорытынды.



«КӨҢІЛДІ ҚЫС»



СИСЕНОВА НАЗИМГҮЛ,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі



ЕСКЕНДИРОВА Ұлжан,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: «Сөйлеуді дамыту».

Мақсаты: Балаларды қыс қызықтарын айтып беруге үйрету.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, ғажайып сәт, ойын, сергіту сәті.

– Балалар, күн суық болса да, біздің жүрегіміз жылы. Жылуымызды жан-жағымызға беріп, жылулық шеңберін құрып, келген қонақтарымызбен амандасайық. (Жылулық шеңбері арқылы балалар қонақтармен амандасады).

– Аяз қысып, өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қарға омбығып,

Бет домбығып,

Сырғанап жастар ойнайды.

Кейде ұлып, кейде ысқырып,

Ұйытқып боран соғады.

Бөбектерім айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады? (Қыс мезгілінде).

Қыс мезгілінің ерекшеліктері. (Слайд).

– Балалар, бір жылда неше жыл мезгілі бар? (Төрт жыл мезгілі бар).

– Мына суреттерде қандай жыл мезгілі бейнеленген? (Қыс).

– Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? (Күн суытады, қар жауады, боран соғады).

– Ауа райы қандай болады? (Суық, аяз, боран болады).

– Қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз? (Қар лақтырып, аққала жасап, шанамен сырғанақ тебеміз).

– Балалар, қыста ауа таза болады. Сондықтан сендер денсаулықтарың мықты болу үшін таза ауада ойнауларың керек. Ойын арқылы денелерің шынығады. Біз қыс мезгілінде қандай мерекені тойлаймыз? (Жаңа жылды).

– Балалар, мынау ненің суреті? (Аққала).

– Аққала неден жасалады? (Қардан).

– Қане, барлығымыз қарды қолмен ұстап көрейік. (Балалар қарды қолмен ұстап көреді).

– Қардың түсі қандай? (Ақ).

– Қар мұздай ма, жылы ма? (Мұздай).

– Аққала неше бөліктен тұрады? (Үш бөліктен тұрады).

– Оның бөліктерінің пішіні қандай? (Дөңгелек).

Ғажайып сәт: (Осы кезде Аққала келеді).

Аққала: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендермен ойнауға, өнерлеріңді тамашалауға келдім. Мына сандықшаның ішінде сендерге арналған сыйлықтарым бар.

– Аққала, кел төрлет. Балалар сенімен ойын ойнауға дайын.

Ойын: «Қар жинау».

Ойынның шарты бойынша қар ерімей тұрып, шелекке тез жинау керек.

– Жарайсыңдар, бәрекелді! Балалар Аққалаға қыс туралы тақпақтарымызды айтып берейік. (Балалардың тақпағы).

Сергіту сәті:

Қар жауғанда топ бала,

Соктық келіп аққала.

Мұрыны сәбіз, үп-үшкір,

Көзі көмір қап-қара.

Көне шелек басында,

Сыпырғышы қолында.

Мұзайдынды аршуға,

Келгендей-ақ мұнда.

– Балалар, аққаламыз бізге тапсырма ала келіпті. Сендерге қыс мезгілі ұнай ма? Қыс мезгілінің ұнайтын және ұнамайтын жақтарын атаңдаршы? (Ұнайтын жағы: Жаңа жыл келеді, шаңғы, коньки тебеміз, шанамен сырғанаймыз, қар жауады, аққала жасаймыз. Ұнамайтын жағы: Қатты аяз болады, суық жел тұрады, боран соғады).

– Жарайсыңдар, балалар! Енді біз Аққаламызға тапсырмасын орындап, суретін құрап берейік.

Ойын: «Аққала құрастыру».

Аққала: Жарайсыңдар, менің тапсырмаларымды



орындадыңдар! Рахмет! Сендер өте ақылды, өнерлі, тапқыр екенсіңдер! Топтарың ыстық екен, мен жылы жерде көп тұра алмаймын. Еріп кетпей тұрғанда қай-

тайын. Өзіммен бірге алып келген сандықшамдағы сыйлықтарымды берейін. Балалар, мен сендермен коштасамын, келесі жылы кездескенше сау болыңдар!

«МЕНИҢ ТУЫСТАРЫМ»



ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ Айкүн,
№34 «Нұрбөбек»
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

Білім саласы: Әлеумет.

Бөлімі: Өзін-өзі тану.

Құндылық: Дұрыс әрекет.

Қасиеттер: Мейірімділік, сыйластық, адамгершілік.

Мақсаты: Отбасын, ата-анасын, туыстары мен жақындарын бағалай білу, құрметтеу сезімдерін кеңейту. Отбасылық қарым-қатынас, отбасы бірлігі, өзара сыйластық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру, туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарды дамыту, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Ресурстар: Үнтаспа, суреттер, хрестоматия.

– Балалар, бүгін ерекше күн. Өйткені бізге қонақтар келіп отыр. Сендерді көргеніме қуаныштымын! Бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуын сезінейік. Бір-бірімізге жылы сөздерімізді арнайық!

Жылулық шеңбері: Сен әдептісің! Сен мейірімдісің! Сен қамқорсың! Сен ақкөңілсің! Сен шыншылсың!

– Балалар, «Өзін-өзі тану» дегеніміз не? Оны қалай түсінесіңдер? (Балалардың жауабы).

Тыныштық сәті:

– Балалар, сендер көздерінді жұмып, жайғасып отырыңдар. Сендердің отбасыларыңда тамаша мереке өтіп жатыр. Үйлеріңнің іші сондай қуанышқа, шаттыққа толы. Отбасы мүшелерінің барлығы мәз-мейрам. Құмыралар гүлге толып тұр. Әдемі түрлі-түсті шарлар әуеде қалықтап жүр. Сендер өз ата-ана, ата-әжелеріңмен бірге шаттана қуанып, ойнап, күліп, ән салып, би билеп жүрсіңдер. Көзімізді қуанышты көңілмен ашып, қандай сезімде болғанымызды әңгімелейік.



ЖОЛДАСОВА Ақбөбек
Тілекқызы,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Үй тапсырмасы: Туыс деп кімді айтамыз? Кім өз туыстары жайлы әңгімелеп береді? Туыскандарыңмен қандай қарым-қатынас жасайсыңдар?

Дәйексөз: «Отан – отбасынан басталады». Отбасы татулығы – өзара түсіністік сыйластық болғанда ғана туыстар арасында татулық орнайтыны, туыстарды сыйлау керектігін ұғындыру.

Нақылсөз: Туыстарымызды сыйлаймыз. Туыстарымызбен татумыз.

Әңгімелеу. Н.Қадырбаевтың «Мейірім» әңгімесі.

Талдау сұрақтары: Әңгіменің мәні неде? Отбасындағы татулық неге керек?

Сергіту сәті:

Атам жылқы бағады,

Ағам пішен шабады.

Жеңгем сиыр сауады,

Әжем киіз қағады.

Шығармашылық іс-әрекет, топпен жұмыс:

1-тапсырма: Балалар, қазір ұйымшылдықпен мына тапсырманы қарайықшы. Алдарыңдағы ақ парақшаға отбасымызға біз әрдайым не тілейтінімізді суретпен бейнелейміз. Сендердің ойларыңша не салуға болады?

2-тапсырма: «Дүкен».

– Балалар мына ғажайып дүкенде не сатылады екен? Бұл жай дүкен емес, сиқырлы дүкен екен. Осы дүкеннен өз жақындарың мен туыстарыңа бір зат сатып алып, оны не үшін алғандарыңды айтып беріңдер.

Ән: «Біз бақытты балдырған».

– Туыстар бір түбірден өскен алып ағаштың бұтақтары тәрізді. Барлығымыздың да туған-туысымыз бар. Біз оларды сыйлап құрметтеуіміз керек.



«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ»



АСАНОВА Гүлмира Борисқызы,
Атырау қаласы, Ақжар ауылындағы
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының директоры

Атырау қалалық білім бөліміне қарасты, Ақсай селолық округінде орналасқан Ақжар ауылында 2012 жылы 160 орындық 2-қабатты зәулім № 59 «Ақбөбек» балабақшасы еліміздің Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында салтанатты түрде бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Бірлігі жарасқан балабақшамызда 65 қызметкер жұмыс жасайды. Мұндағы тоғыз топта балалар жан-жақты білім, тәлім-тәрбие алуа. Қазіргі таңда балабақшамыздың топтары заманауи құрал жабдықтармен толыққанды жабдықталған. Ауласы әсем көгалдандырылған бөбекжай-бақшамызға балаларымыз үлкен қызығушылықпен келеді. Балалар еліміздің ертеңі, әр отбасының қуанышы. Сондықтан балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығын жақсартып, өмірін гүлдендіріп, саналы тәрбие мен сапалы білім беру – біздің басты мақсатымыз. Балабақшамызда ән-саз, орыс тілі, дене шынықтыру, би маманы бар. Музыка жетекшісі балалардың өнерге деген құштарлығын, талантын ашуға көмектеседі. Ал би жетекшісі баланы денесінің сымбатты қалыптасуына, би ырғағына, әсемдікке, шеберлікке, икемділікке баулиды. Педагог-психолог қоршаған ортамен қарым-қатынасты қалыптастырады. Дене шынықтыру пәнінің жетекшісі балаларды мықты, жылдам, епті, шапшаң, батыл болуға үйретеді. Бұл салада тәжірибелі білікті мамандар жұмыс жасайды. Осындай тәжірибелі мамандар арқасында балабақшамыз үлкен жетістіктерге жетуде. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынасқа айрықша көңіл бөлінген. Себебі, ұжымның негізгі бағдары ата-аналарға педагогикалық көмек көрсете отырып, бүлдіршіндерге жан-жақты тәрбие беру. Тәрбиешілер бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Әрбір үйдің еркесі балабақша талбалдырығын аттағанша ата-анасының тәрбиесінде болады. Отбасында алған тәрбиені бүлдіршін мейірімге толы ізгілікпен құшақ жайып, өрен білімге баулитын балабақшада одан әрі жалғастырады. Балабақшамызда ата-аналармен «Әке-шеше және мен», «Мақал сөздің мәйегі» атты спорттық сайыстар, дөңгелек үстел, кеңестер беріліп, байқаулар өткізілді.

«Денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің» дегендей, бала денсаулығы отбасында да, балабақшада да басты назарда болу керек. Осы мақсатта балабақшада сауықтыру шаралары жыл бойына жүргізілуде. Жаз бойы балалар таза ауада серуендеп күн және су ваннасын алып шынығады. Күн ваннасы арқылы бастарына телпек киіп, денесін күнге қыздырып, жалаң аяқ жер басып, жердің қызуын сезініп майтабандылықтың алдын алады. Шілде айында «Нептун бізде қонақта» атты балалармен су мерекесіне арналған ойын сауық өтеді. Балаларға жыл бойы жоспарға сәйкес алдын-ала егу, диспансерлік қадағалау жұмыстары уақытымен жүргізіледі. Осы тексерудің барысында балалар арнайы мамандарға жіберіледі. Маман кеңестері беріледі. Дене тәрбиесі мен сауықтыру – шынықтыру шараларының жүргізілуіне сапалы дәрігерлік-педагогикалық бақылау жасалады. Ата-аналар санитарлық ағарту шаралары желшешек, қызылша, тұмау, жедел ішек инфекциясы – диарея ауруларының алдын алу мақсатында әңгіме кеңес алып, таратылған жадынамалармен танысады. Балалардың ас мәзірін жақсартуда қысы, жазы түрлі дәруменге бай көкөністер, жемістер, жеміс шырындары, «С және аскорбин қышқылы» витаминдері беріледі. «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының бағындырған биік белестері ауыз толтырып айтарлықтай. Тәрбиешілер арасында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Ана тілім – ардағым», «Ана тілімнің құдіреті», Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» ән сайысы, «Менің туған жерім» тақырыбында бейнеролик сайысы болып өтті. Ата-аналармен «Күз жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Балабақшамызда Рухани жаңғыру аясында ұйымдастырылған шеберлік сыныбында тәжірибелі тәрбиешілеріміз «Кимешек тігу» әдісін меңгеріп, әжелер ансамблі құрылды. Жас мамандармен «Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, шығармашылық қабілетін арттыру арқылы жанашыл әдіс-тәсілдерді меңгеру» тақырыбы аясында челленджер өтті. Тәрбиешілеріміз Жұмашева Гаухар Мухушқызы қалалық



білім бөлімінің алғыс хатымен, саз жетекшісі Айтжанова Құралай Скендірқызы, тәрбиеші Абульханова Қалыгуль Аскарқызы құрмет грамотасымен марапатталды. Республикалық ХХ «Туған жер, туған ел глобал: Ұлттық білім беру жүйесінің бағдарлары» тақырыбындағы білім беру қызметкерлерінің педагогикалық оқулары байқауының ІІ қалалық кезеңінде мектепке дейінгі тәрбие секциясы бойынша бөбекжай-бақшамыздың саз жетекшісі Айтжанова Құралай жүлделі 2 орынды жеңіп алса, тәрбиеші Абульханова Қалыгуль алғыс хатпен марапатталды. Сондай-ақ, кәсіби мереке ұстаздар күніне орай Ақсай селолық округі әкімдігінің алғыс хаттарына Рахымжанова Зухра, Испанова Света, Айтжанова Фариза, Кушалиева Әсемгуль ие болды. «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балабақша мамандары және балалар арасында өткен «Абзал жандарға мың алғыс» атты онлайн эссе байқауына

қатысқан тәрбиеленушілеріміз Нұрланқызы Нәйла, Сатымгуль Айсана жүлделі орындарды жеңіп алса, онлайн бейнеролик байқауына шәкірт дайындағаны үшін тәрбиеші Кушалиева Асемгуль Бауыржанқызы Алғыс хатпен марапатталды. Алдағы уақытта әр баланың жан-жақты дамып, жеке тұлға болып қалыптасуы үшін бөбекжай-бақшамызды заманауи электрондық жабдықтармен қамту мәселесін, интернет желісіне қосылған компьютер кабинеттерін жабдықтауды қолға алмақпыз. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да жас кезінде тәлім-тәрбие мен өнер, білімді қабылдауға өте бейімді келеді. Бала тәрбиесі нәресте туылғаннан бастап, ер жеткенше жалғасады. Біз жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы еліміздің ертеңін ойлайтын және өз ойын еркін жеткізетін тұлғаны тәрбиелейміз. Бала тәрбиелеу ата-анамен тәрбиеші алдында тұрған ең басты маңызды міндет.

«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМІ – КИМЕШЕК ТІГУ»



ДАУИТОВА Гүлшат Серікқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының әдіскері

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен дамытатын қозғаушы күш. Рухани жаңғыру арқылы елбасы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел бол-

ғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан-дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі біз тәрбиелеп отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез келген білім беру ұйымдарының мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Рухани жаңғыру бағытында бөбекжай-бақшамызда шеберлік сыныптары жүргізіледі.



Шеберлік сыныптың мақсаты: Педагог қызметінің жалпы және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жанаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қазақтың ұлттық бұйымдарын, салт-дәстүрін, ұлттық киімдерін тігу арқылы қызығушылығын арттыру және тәжірибе алмасу. Балабақша педагогтарына халықтық педагогиканы, салт-дәстүрді дәріптеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесіне арналған. Әдістемелік құралдың білімдік, танымдық, дамытушылық тәрбиелік мәні зор. Ұлттық салт-дәстүрді, мәдениет пен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Балабақшаның топтарына арналған тапсырмалар беріліп, ұлттық бұйымдарымыз жасақталып, тәжірибелі мамандардан құралған шеберлік сыныбын өткізу барысында тәрбиешілер қазақтың ұлттық бас киімі «Киелі кимешек» тігу әдістерін меңгерген болатын. Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халқымыздың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше, өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты.

Кимешек – әйел киімдерінің ішінде өзінің әсемділігімен, тігілу ерекшелігімен басты орын алады. Ол көбінесе ақ түсті жеңіл іштік матадан тігіледі.

Кимешек негізінен басты арқамен қоса толық жауып тұрады, бет тұсы ойма етіп ойылады. Үшбұрышты құйрықты болып пішіледі. Кимешектің шеттері желбір бүрмелермен қосып тігіледі немесе қайырылған тігістермен өңделеді. Кеуде тұсы кең етіп тігілген кимешектерді кейде иықтан асыра қайырып

та киеді. Кимешектің бет жағы көбінесе трапеция түрінде пішіледі. Оны әрлеп әшекейлеу жас мөлшеріне қарай жасалып отырған. Жас келіншектердің кимешектері күміс, алтын зерлермен, моншақтармен безендірілетін болған. Ал, орта жастан асқан әйелдердің кимешектері жай әсем тігістермен немесе түрлі-түсті жіптермен әдеміленіп тігіледі. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің ішінде әйелдер бас киімі әлі де кең қолданыста. Оны қазір көбінесе көне көз әжелеріміз бен апаларымыз бастарынан тастамай қастерлеп киіп жүр. Қазақ халқының ұлттық киімі оның тарихы сонау өткен заманнан бері жасап келеді. Сондықтан қазақ халқының ұлттық қолөнері туралы сөз еткенде, оны Қазақстан тарихымен байланыстыра сөз еткен дұрыс.

Шеберлік сынып барысында алдымен кимешектің сұлбасы сызылып, пішімдеріне, түріне, кестелену әдістеріне талдау жүргізілді. Педагогтар қызығушылықпен белсене қатысты. Сонымен қатар тәжірибелі мамандардан «Әжелер ансамблі» құрылып, мерекелік шараларда өз өнерлерін көрсетіп келеді. Мектепке дейінгі жас-жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі. Баланың өзіндік танымы мен даралығының қалыптасу кезі. Нақты осы кезде адами құндылықтарға, мәдениетке баулудың іргетасы қаланады. Бөбекжай-бақшаның тәрбие жұмыстары рухани жаңғырудың құндылықтарын іске асыруға негізделуі керек. Алдағы уақытта салт-дәстүрімізді келешек жас ұрпаққа жеткізу мақсатында шеберлік сыныбымызды одан әрі қарай шыңдап, белсенділікпен жалғастырамыз.





«ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘСТҮРДЕН ТЫС ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘДІСТЕР»



КУАНЫШЕВА Гүлмира
Хисметоллақызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының әдіскері

«Білімді ұрпақ – болашақ кепілі». Қазіргі таңда білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіру міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан педагог іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Оқу қызметін жанапшыл үрдіспен өткізу – тәрбиеленушілердің білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытады. Ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің артуына көмектеседі. Осы орайда, бөбекжай-бақшамыздың педагогтарымен өткен шеберлік сынып барысында жасалған әдістерді ұсынамын.




Пуантилизм сөзінің мағынасы не? «Пуантилизм» сөзі француздың «пуант» – «нүкте» сөзінен шыққан. Яғни, нүктелермен сурет салу дегенді білдіреді. Сонымен қатар «пуант»

сөзі «пуанта» яғни балеринаның аяқ киіміне де қатысты мағынаны білдіреді екен. Балет биі кезінде бишінің қауырсындай жеңіл қимылмен билеген іздері нүктедей әр жерге бір тиеді. Міне, бұл пуантилизмде сол секілді. Пуантилизм бағытының негізін салушы кім? Бұл бағыттың негізін салған француз суретшісі – Жорж-Пьер Сёра (1859-1891). Кескіндемедегі бұл бағыт XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Бұл бағытпен жұмыс жасаған суретшілер кенеп бетіне таза араласпаған бояуларды жағып отырған. Бөліктермен қатарлап жағу арқылы сурет салған. Олардың түрлі-түсті болып араласып көрінуі суретке әдемі көрініс берген. Мұндай тәсіл оптикалық араластыру деп аталады.



Айрис фолдинг – түрлі-түсті қағаз жолақтарын белгілі бір тәртіппен салу арқылы өрнектер жасау әдісі. Аудармада айрис фолдинг сөзі «кемпірко-сақтың бүктелуі» дегенді білдіреді.

Айрис фолдинг – бүктеу техникасын қолданып жасалған сурет көлемді болып шығады, өйткені қағаз жолақтары қабаттасып салынған. Айрис фолдингтің жиналатын ең танымал мотивтері – спираль, желдеткіш және бұйралар. Үлгіні салуды бастау үшін алдымен қағазға суретті салып, немесе дайын сызбаларды таңдау керек. Айрис фолдинг бізге Голландиядан келді. Бастапқыда айрис фолдинг әдісі құттықтау хаттарын безендіру тәсілдерінің бірі ретінде қолданылды. Бірте-бірте бұл техника әлемнің көптеген елдеріне таралды және күрделене түсті. Айрис фолдинг техникасымен жұмыс істегенде қандай материалдар мен құралдар қажет болады? Олар, қағаз, картон, журнал беттері, мата немесе таспа. Сурет жасауға арналған шаблондар қағаз немесе мата жолақтарының орналасу ретін, олардың түсін анықтайды.



Кусудам (薬玉, Сөзбе-сөз «медициналық доп») дегеніміз – көптеген бірдей пирамидалық модульдердің ұштарын (әдетте төртбұрышты қағаздан бүктелген гүлдер) біріктіру арқылы пайда болатын



шар пішінді қағаз үлгісі. Кусудам — бұл уақытты өткізуге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар сізге және сіздің жақындарыңызға қуаныш сыйлайтын қызықты хобби. «Кусури» жапон тілінен аударғанда «дәрі», «тамақ» «доп» дегенді білдіреді. Сондықтан «кусудам» сөзін «дәрі-дәрмек шары» деп аударуға болады. Оған дәрі мен дәрі-дәрмектің қандай қатысы бар? Анықталғандай, кусудамаларды алғашында жапондар синтоизмдік діни құпия кезінде қолданған. Кусудаманы төбеден төменге қарай жіппен іліп қояды.



Ганутель — жұқа спираль сымнан және жібек жіптен гүлдер жасау өнері. Жіптен басқа моншак, меруерт пайдалануға болады. Бұл өнер бізге Жерорта теңізіндегі аралдарда орналасқан Мальта монастырларынан келді. «Ганутель» сөзінің өзі итальяндық Sanutiglia-дан шыққан,

яғни «жінішке спиральды жіп» дегенді білдіреді. Айтпақшы, гипс сөзі дәл сол итальян сөзінен шыққан, яғни кесте тігуге арналған алтын немесе күміс жіптен тұрады. Ганутель — XVII ғасырда белгілі болған ескі мальта қолөнері. Осы уақытта олар Еуропада жінішке серіппелерге бұралып, көлемді кесте тігу үшін өте жінішке алтын немесе күміс сымнан жінішке гүлдер, гүл шоқтары мен ашық композициялар жасауды үйренді. Ганутель техникасында жінішке сымдардан шыққан серіппелер не жапырақшалардың жақтауын құрайды, содан кейін жіп тоқумен толтырылады немесе жінішке сымның өзі тоқу үшін қолданылады.



Декупаж — (немесе жыртылған) кескінді қолданып, оны дайындаманың бетіне жабыстырып, содан кейін лакпен бекітетін ешекейлеу техникасы. Мұнда таңқаларлықтай және күрделі ештеңе жоқ сияқты. Қиын-

дыққа келетін болсақ — мен сізбен келісетін шығармын. Әр адам, тіпті көркемдік білімі болмаса да, аз ғана еңбек пен ыждағаттылық танытса, бұл техниканы оңай меңгере алады. Декупаждың көмегімен сіз өз қолыңызбен осындай әдемі және сәнді бұйымдарды жасай аласыз. Мен декупажды таңғажайып техника деп атай аламын! Бұл техниканың мүмкіндіктері өте үлкен!



Тингатинга (Тинга Тинга, сонымен қатар Тинга-Тинга деп жазылады) — бұл XX ғасырдың екінші жартысында Танзания астанасы Дар-эс-Салам аймағында дамып, содан кейін Шығыс Африкаға таралған кескіндеме стилі. Еске салайық, Танзания — Танганьика (Африка материгі)

мен Занзибардан (Үнді мұхитындағы аралдар тобы) тұратын біртұтас мемлекет. Тингатинга картиналары — Танзания, Кения және көршілес елдердің туризмге бағытталған өнерінің кеңінен ұсынылған түрлерінің бірі. Бұл жанрдың негізін қалаушы Танзаниялық суретші Эдвард Саид Тингатингтің есімімен аталады. Тингатинганың суреттері дәстүрлі түрде қатты тақтада жасалады (қатты тақта — ДВП). Суреттердің өзін аңғалдықпен де, карикатурамен де атауға болады, ал суреттердің әзілі мен сарказмы әдетте айқын көрінеді. Суреттер көбінесе төртбұрыш түрінде болады. Мұндай картиналардағы сурет тегіс, көбіне онда аңдар мен құстар бейнеленеді.

Қорыта айтқанда, оқу тәрбие үрдісінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу мектеп жасына дейінгі балалардың білімге деген құштарлығын, шығармашылығын арттыратыны анық. Педагог қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біреу. Ол тәрбиеленушілерге тиянақты да, сапалы білім беру. «Алдына ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетесің» — деп, данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап, ел ертеңіне сеніммен қарасақ, алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын. Әлемдік білім беру кеңістігінің талаптарына сай болатын, ең алдымен жаңа шығармашылық әдістемелердің бұр жаруына, оның өркендеп, тереңге тамыр жайып, жас өскінді алып бәйтеректей қатайтып, нығайтатынына нық сенемін.



«МЕНИҢ БАЛАМ ҰЯЛШАҚ»



ЖУМАШЕВА Г.М.,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының педагог-психологы

Тренингтің мақсаты: Ата-ананың бала өміріндегі алатын орны мен рөлі туралы ой бөлісу. Өз баласын жақсы тану, ата-аналарға көмек және кеңес беру, педагогикалық-психологиялық білімін көтеру. Олардың бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға екеніне көз жеткізу. Ұялшақ баланы күйзелістен шығаруға, бойдағы қобалжуды төмендетуге, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға көмектесу.

Көрнекілік: Тақта, интерактивті тақта, слайд, маркер, А2 қағаз, стикер, суреттер.

Күтілетін нәтиже: Жылы қарым-қатынас, жағымды психологиялық ахуал.

— Құрметті ата-аналар, «Менің балам ұялшақ» тақырыбындағы тренинге қош келдіңіздер! Мен сіздерді ой-пікірлеріңізбен бөлісуге шақырамын. Ата-ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімді болып өсуі. Тренингімізді бастамас бұрын топқа бөлініп алайық. (Қатысушыларға түрлі-түсті саусақтар таратылады. Олар шеңберге тұрады. «Көк түс» — африкалықтар, олар алақандарын үрлеп амандасады. «Қызыл түс» — қытай халқы — қол соғу арқылы амандасады, «сары түс» — жапондықтар, олар иіліп амандасады).

Слайд. «Бәрі де өз қолыңда».

— Тренингті мынандай бір әңгімеден бастағым келеді. Ертеде жұртқа кеңінен танымал бір данышпан болыпты. Бір адам оның данышпандығын дәлелдегісі келіп, алақанына бір көбелекті салып, «Айтшы, менің алақанымдағы көбелек тірі ме әлде өлі ме?» — деп, сұрайды. Ал ішінен егерде данышпан көбелекті тірі десе, оны қысып өлтіріп тастаймын. Ал егер өлі десеушырып жіберемін — деп ойлайды. Данышпан ойланyp тұрып: «Бәрі де өз қолыңда» деп жауап беріпті. Біздің балаларымызға балабақшаны өз үйіндей сезінуге жағдай жасау біздің қолымызда. Ол үшін тәрбиеші мен ата-ана тығыз байланыста болып, бірігіп жұмыс жүргізуі қажет. Жас ұрпақ тәрбиесі баршамызға ортақ. Сондықтан бала тәрбиесі жайында өз пікірлеріңізді білгім келеді.

Жаттығу: «Біздің топтың жүрегі».

— Енді бәріміз мына үлкен ақ жүрекке назар аударайық. Ал мына кішкене қызыл жүрекшелерге сіздер балаға деген ақ тілектеріңізді жазыңыздар. Сонан соң

тақтадағы үлкен ақ жүрекке әкеліп, тілектеріңізді оқи отырып, жапсырыңыздар. Қараңыздаршы, ол біздің топтың жүрегі. Ол үнемі дүрсілдеп соғып тұрады. Яғни, бәріміздің жүрегіміз бала деп соғады.

«Ойлан, бірік, бөліс».

I-топ: «Ұялшақ баланың портреті».

II-топ: «Ұялшақтық қандай балада дамиды».

III-топ: «Ұялшақтықтан арылу жолдары».

(Әр топ постер қорғайды, психолог ата-ана пікірлерін слайд арқылы толықтырады).

Сергіту сәті.

«Отбасылық құндылық ағашы».

Нұсқау: Бұл біздің отбасылық құндылық ағашымыз. Алдын ала дайындалған отбасылық құндылықтар жазылған карточкалар таратылып беріледі. Оларды ағаштың тамырына, дініне, бұтақтарына орналастыру керек. Тамыры сіздің ең негізгі отбасылық құндылық болып есептеледі. Ағаштың дініне орташа құндылықтарды, ал бұтақтарына отбасыңыз үшін маңызды, бірақ көп көңіл аудармайтын құндылықтарды орналастыру керек. Уақыт 7-10 минут.

Құндылықтар: Мықты денсаулық. Ауызбіршілік. Ортақ қызығушылық. Бір-бірінің жұмысына араласпау. Қамқорлық. Тәртіп. Бос уақытын бірге өткізу. Сенімділік. Ата-ананың сөзі заң. Ата-ана отбасының үлгісі. Әлеуметтік жағдай. Отбасылық сыйласымды қарым-қатынас. Махаббат. Мейірімділік. Шынайылық. Үлгілі болу. Береке. Үлкенге-ізет, кішіге-құрмет. Көп бала. (Соңынан үлкен бәйтерек ағашы шығады. Қатысушылар шыққан суретті өздері қорғайды).

— Құрметті ата-аналар, біздің тренингіміз өз мәресіне жетті. Бүгінгі кездесуден өздеріңізге пайдалы мағлұмат алдыңыздар деген ойдамын. Енді кері байланыс арқылы бүгінгі әңгімеңізді қорытындылағым келіп тұр. Мына тактада үш сурет ілініп тұр. (Чемодан, еттартқыш, коқыс шелегі). Соған бүгінгі алған әсерлеріңізді жазып жапсырасыздар. Егер бәрі көңіліңізден шығып, өзіңізге қажет мағлұмат алсаңыз, пікірлеріңізді чемоданға жапсырыңыздар. Егер тақырып толық ашылмады десеңіз-еттартқышқа жапсырыңыз. Мүлдем ұнамады, іліп алар ештеңе жоқ десеңіздер, ондай пікірді — коқыс шелегіне жапсырыңыздар.



«КІМ БОЛАМЫН?»



ОРАЗАЕВА Гүлсім Ермекқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Кіріктірілген білім беру саласы: «Таным». «Шығармашылық».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану. Сурет салу.

Мақсаты: Балалардың әртүрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Түрлі мамандыққа, жұмыс түрлеріне қатысты сөздерді (құрлысшы, аспазшы) айта білуге, құрлыс материалдарының бөлшектерін ажырата білуге, заттарды ұқыпты пайдалануға үйрету. Құрлысшы мамандығымен, олардың еңбегімен таныстыру. Өз ойларын толық жеткізе білуге баулу. Түзу, ұзын вертикальды және қиылысқан сызықтарды қылқаламмен салу дағдысын дамыту. Әртүрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру. Еңбек адамдарына құрмет сезімімен қарауға, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Мамандық түрлерінің суреттері, макеттер, ойын материалдары, слайд көрсету, субояк, қылқалам, палитра, дымқыл сүрткіштер.

Әдіс-тәсілдері: Миға шабуыл. (Триз әдісімен). АКТ-технологиясымен мамандықтар туралы әңгімелесу. «Саты» туралы әңгімелеу. Сурет салу.

Шаттық шеңбері.

Тәрбиеші балалардан жыл мезгілдері, олардың ерекшеліктері туралы сұрайды. Балалар сұрақтарға жауап береді.

«Мамандық». (АКТ-технологиясымен әңгімелеу).

– Балалар, мына суреттерде кімдердің және не-лердің суреттерін көріп отырсындар? Олар не істейді? (Балалардың жауабы).

– Яғни, халыққа қызмет етеді. Оларды біз мамандық иелері дейміз. Тағы да қандай мамандық иелерін білесіңдер? (Балалардың жауабы).

– Мына суреттерге қарап, мамандық иелерін атап, қандай қызмет атқаратындарын айтып беріңдерші. (Дәрігер адамдарды емдейді, аспазшы дәмді тамақ пісіреді. Мұғалім балаларға білім береді, оқытады. Құрлысшы, әсем үйлер мен балабақшалар т.б. ғимараттарды салады).

– Дұрыс айтасындар. Бізге барлық мамандықтар қажет. Балалар, осы мамандықтың ішінен біз бүгін «Құрлысшы» мамандығымен танысамыз. Олар үй

салады. Құрлыста үй жобасын жасайтын сәулетшілер. Одан бөлек тас қалаушы, темірмен байланыстыратын-дәнекерлеуші, ағаш шебері, краншы, шатырлаушы еңбек етеді. Үйлерінде осындай жұмыс жасайтын адамдар бар ма? (Балалардың жауабы).

Д/ ойын: «Кімге не қажет?»

Балалардың мамандық иелерінің құралдарын ажырата білуін дамыту мақсатындағы ойынның шарты бойынша балалар маман иелерінің макетіне қарап, ондағы дәрігер, құрлысшы, аспазшыға қажет құралдарды табады.

Тақпақтар.

Гүлден:

Дәрігерлер жарқыраған гүл көктем,
Есімдерін айтайықшы құрметпен.
Күндіз-түні кірпік ілмей, ем жасап,
Құтқарды ғой қазағымды індеттен.

Алуа:

Дәмді тамақ пісіріп,
Өнерлі бала боламын.
Халқым сүйген ардақты,
Мен аспазшы боламын.

Амина:

Жақсы оқып сабақты,
Білім алып толамын.
Бөбектерді оқытар,
Мен мұғалім боламын.

Тосын сәт: Құрлысшының келуі.

Құрлысшы: Сәлеметсіздер ме. (Сәлеметсіз бе).

– Сәлеметсіз бе? Қош келдіңіз! Балалар, ағайды таныдыңдар ма? (Иә).

Құрлысшы: Мен тапсырмалар алып келдім. Соны орындап беріңдерші.

1-тапсырма: Сөмкенің ішіндегі құралдарды ажыратып, аттарын атаңдар. (Балалар құрлысшы құралдарын атайды).

– Қане, қайталайықшы: балға, балта, шеге, шелек, қалақ, саты. (Синквейн әдісі арқылы балалар құрлысшыны сипаттайды).

– Бұл кім? (Құрлысшы).

– Құрлысшы қандай? (Білімді, шебер).



– Құрлысшы не істейді? (Үйлер, сатылар салады. Мен өскенде құрлысшы боламын. Құрлысшы – маман).

2-тапсырма: Кім құрлысшы туралы тақпақ біледі. (Балалардың тақпағы).

Құрлысшы: Жарайсындар балалар! Сендер өте ақылды, білімді екенсіңдер. Мен құрлыста жұмыс жасаймын. Әдемі кірпіштерден үйлер саламын. Үй салу кезінде бірінші іргетастан бастаймыз. Одан кейін тас қалаймыз. Балалар, менің бір өтінішім бар еді. Соны орындасандар, сендерге беретін тәттілерім бар. Мен құрлысшы болғандықтан көп қабатты үйлер салып жатырмын. Биікке шығу үшін саты керек. Маған саты салып бересіңдер ме? (Әрине).

Сергіту сәті.

«Саты» туралы әңгімелеу. Сатылардың түрлерімен таныстыру.

– Балалар, саты баспалдақтың санына, ұзындығына қарай бөлінеді. Яғни, ол ұзын, қысқа болады. Оның баспалдақтары темірден, ағаштан жасалады. Қолдары жетпеген жерге, биікке шығу үшін пайдаланылады. (Балалар серуенде жүргенде есік алдынан саты көргендерін естеріне түсіреді. «Саты» сөзін сыбырлау тәсілімен қайталап айтады).

– Ендеше, оқу қызметімізді сатының суретін салумен жалғастырайық.

Сурет салу. «Саты». (Қылқаламмен субояқты пайдалана отырып салу).

– Балалар, алдымен тақтадағы үлгіге қарап алайық. Алдымен мен сатыны салу жолын көрсетейін. Мұқият қараңдар. (Тәрбиеші балаларға езілген дайын қоңыр гуашка қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырып, жоғарыдан төмен қарай түзу екі сызықты қатар сызып алуды, содан соң, біртіндеп ретімен солдан оңға қарай түзу сызықтар жүргізуді, екі ұзын сызықтың ортасын бір-біріне қосып, қиыстырып сызуды көрсетіп, түсіндіреді. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауды ескертеді).

– Құрлысшы ағай, балалардың салып жатқан сатысы сізге ұнады ма?

Құрлысшы: Әрине, балалар өте ұқыпты екен. Қандай керемет! Енді мен осы сатылардың арқасында биік жерлерге еркін шыға алатын боламын. Көп рахмет! Мен енді жұмысыма барайын. Сау болыңдар! (Сау болыңыз).

Баламен жеке жұмыс. Балаларға қылқаламды дұрыс ұстауды, жоғарыдан төмен қарай сызықтарды дұрыс жүргізе білуді үйрету.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨРІНДЕ»



**Рахимжанова
ЗУХРА ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ,**
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы – жас ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, жері мен елін сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету. Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Билингвальды компонент: Отан-родина. Тәуелсіздік-независимость. Елтанба-герб. Ту-флаг. Әнұран-гимн.

Әдіс-тәсілдері: Отанымыз туралы сұрақ-жауап. Отан туралы тақпақ, мақал-мәтелдер. Д/ойын: «Өз туынды тап».

Көрнекіліктер: Тудың, Елтанбаның суреттері, жылжымалы папка, слайд.

– Балалар, бүгін біз еліміздің Тәуелсіздік алған күнін атап өтеміз. Биыл Тәуелсіздігімізге 29 жыл. Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Мерекелік ертеңгілігімізді еліміздің Әнұранымен бастаймыз.

Әнұран.

– Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады? Қазақстан қандай мемлекет? Еліміздің президенті кім? Біз қай қалада тұрамыз? (Балалардың жауабы).

– Дұрыс айтасындар. Біз тәуелсіз елдің ұланы болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің елімізді әлем таныды. Отан деген ұғымның аясы кең. Отан – далаң, орман, тауың, қалаң мен ауылың. Отан біздің киелі мекеніміз, шексіз байлығымыз. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оны мақтан етеді. Балалар, кім Отан туралы тақпақ айтып береді?

**Санжар:**

Отан – жерім, Отан – суым,
Отан қуат нәр береді.

Амина:

Отан – ұран, Отан – туым,
Отан мәңгі гүлденеді.

Мейірбек:

Қуат алған өзінен,
Туған елдің ұлымын.

Сафиназ:

Бакытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін.

– Балалар, Отанымыз туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Анель:

Отан елдің анасы,
Ел ердің анасы.

Қасиет:

Отан отбасынан басталады.
Отан оттан да ыстық.

Аяулым:

Отан үшін еңбек етсең,
Халқынның сүйген ұлы боласың.

– Балалар, еліміз тәуелсіз болғандықтан, өзіміздің мемлекеттік Рәміздеріміз бар. Қане, рәміздерімізді атайықшы. (Ту. Әнұран. Елтаңба).

Д/о: «Өз туынды тап».

Шарты: Суретте бейнеленген тулардың ішінен өзіміздің Туымызды табу.

– Ал енді балалар, Рәміздерге байланысты тақпақтарымызды айтайық.

Аяна:

Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат, әдемі!

Алишер:

Қанатты қос арғымақ,
Екі жақтан көмкерген.

Дәурен:

Құт, береке-шаңырақ,
Орын алған ол төрден.

Фариза:

Көк аспандай көкпенбек,
Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы.

Сергіту сәті.

– Міне, балалар, сендер Отанымыздың бакытты ұрпағысыңдар. Сондықтан білімді, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар. «Тәуелсіздік төрінде» атты тақырыптық оқу қызметімізді «Тәуелсіз елдің ұраны» әнімен аяқтаймыз.

Ән: «Тәуелсіз елдің ұраны».

«ҰШАҚТАР САМҒАЙДЫ»



ҚУАНҒАЛИЕВА Ақжан
Төлеуғалиқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бакшасының тәрбиешісі

Білім беру бөлімі: «Коммуникация». «Шығармашылық».

Білім беру салалары: Көркем әдебиет. Аппликация.

Мақсаты: Балаларға әуе көліктері туралы түсінік беру, ұшақ жайлы білімдерін кеңейту. Ақын Ж.Нұрхановтың «Ұшақ» өлеңін мнемокесте арқылы жаттату. Есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ізденушілік қызметпен шұғылдануға, аппликацияны орындау үшін тапсырманы айқындай

білуге, суретті қажет бөлшектермен толықтыруға үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Жұмбақ шешу, артикуляциялық жаттығу «Ұшақ», Суретпен жұмыс. «Ұшақ және ұшқыш». «Ұшақтар самғайды». (Қара жәшік әдісімен).

Көрнекілігі: Көлік суреттері, бейнеролик, ойыншық көліктер, үлгі-жапсыру, желім, геометриялық пішіндер.

Билингвальды компонент: Ұшақ-самолет.



Шаттық шеңбері.

Тәрбиеші балалар назарын терезе алдында әйнек-тен сыртқа қараған Түлкішекке аударып, оның дала-дағы көліктерді қызықтап тұрғанын айтады.

Жұмбақ:

Құстан аумайды,
Көкке заулайды. (Ұшақ)

Артикуляциялық жаттығу: «Ұшақ».

Ұшақ жайды қанатты,

Ұшуға дайындалып.

Оң жаққа мен қараймын, жу-жу-жу...

Сол жаққа мен қараймын, жу-жу-жу...

Суретпен жұмыс: «Ұшақ және ұшқыш».

Балаларға ойыншық ұшақтарды көрсетіп, құры-лысымен таныстыру.

– Ұшақтар не үшін қажет? (Аспанға ұшу үшін).

– Ұшақты кім басқарады? (Ұшқыш).

– Ұшқыштар ұшақпен ұшады. Олар өте ақылды және мықты. Ұшақты басқару үшін білімді болу керек. Сол үшін олар көп оқиды. Қазір біз Ж.Нұрхановтың «Ұшақ» өлеңін мнемокесте әдісімен жаттаймыз. (Слайд).

Көлдерді көктей өт,

Тауларға жетпей өт.

Бұлттарды жарып ұш,

Бұлттан да әріге ұш.

Токтаусыз төтеле,

Жетейік көкеме.

(Балалар мнемокесте арқылы өлеңді жаттайды).

Сергіту сәті:

Ақ бұлттардан асатын,

Аппақ ұшақ жасадым.

Алыс елге мен енді,

Жылдам ұшып, барамын.

«Ұшақтар самғайды». («Қара жәшік» әдісімен).

– Балалар, «Қара жәшік» жұмбақ затты білу үшін, бізге сұрақ қояды: Бұл көлік пе? Пішіні қандай? Әуе көлігі ме? Бұл ұшақ па? (Балалар сұрақтарға жауап береді).

– Біз қазір ұшақты жапсырамыз.

Тәрбиеші балаларды ұшақ бөліктерімен: дөңгелек терезесі – люминатор, есігі, т.б. таныстырады. Балалар қайталайды. Ұшақты қағаздан қиюдың бірнеше үлгілерін көрсетеді. Балалар түрлі-түсті қағаздан ұшақ жасап жапсырады. Сонан соң балалардың жасаған жұмысын мадақтап, ерекше таза, әдемі жасағандарды атайды. Көрмеге жұмыстарды орналастырады.

Қорытынды.

«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ»



ТЛЕКОВА Гүлнүр Аманжолқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының би маманы

Мақсаты: Балалардың ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту. Ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге баулу. Ертегі арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу. Ертегілер еліне саяхат жасап, әр кейіпкерге ену арқылы қимыл-қозғалыстарды орындауға үйрету.

Болсын бізден әдемі бір көрініс,

Ертегілер еліне кош келдіңіз!

Көріңіздер, қошеметті аямай,

Би билейді балақайлар аянбай.

Би: «Ертегілер елі».

(Қыс ханымы айнаға қарап әндетіп отырады).

Менен асқан бұл өмірде сұлу жоқ,

Ешқашан, еш уақытта болмайды.

Айнам менің жан досым,

Айна, айна, айтшы айна!

Менен асқан сұлу бар ма?

Айна: Ханым, сіз сұлусыз. Бірақ Қыс ханшайымы сізден де асқан сұлу. Сіз оған зұлымдық жасаймын деп ойламаңыз. Қыс ханшайымына жеті құртақан кө-



мектеседі. Өйткені олар ханшайымның көмекшілері. Олар сізге жамандық жасауға жол бермес.

– Балалар, бұл қай ертегі? («Ұйқыдағы Қыс ханшайымы» ертегісі).

– Есімізге түсірейік. Қыс ханымы өзінен асқан сұлу қыс ханшайымына қастандық жасап, оны мәңгі ұйқыға жібереді. Бірақ жеті құртақан ханшайымды ұйқыдан оятып, жамандықтан құтқарады. Олай болса жеті құртақанның өнерін тамашалайық.

Би: «Құртақандар».

– Ол автобуска мініп, әндетіп келе жатып аюға кезігеді. Балалар, бұл қай ертегі? («Маша мен аю» ертегісі).

– Аюды Маша қызы тағы ренжіткен-ау, шамасы. Олай болса назар қойып тамашалайық. Аю шаршаңқырап, айналасындағы шашылып жатқан заттарға қарап, көңілсіз отырады.

Аю: Ой, Маша қызым, сен мені әбден шаршаттың, айтқанды бір тындамайсың. Не деген тентек қыз едің. (Шашылған жемістерді жинап себетке салып ортаға қойып кетіп қалады).

Маша: Аха, неткен тәтті жемістер, мен бұдан тәтті тосап жасаймын. Достарымды шақырайын.

Машаның биі: «Тосап жасау».

– Балалар, енді біз Дисней еліне аттанып, онда кімдер өмір сүретінін білетін боламыз, мұқият болайық. (Әуе шарына мініп әуенмен аттанады).

– Балалар, таныдыңдар ма? Мұнда «Микки Маус» мультхикаясының кейіпкерлері өмір сүреді екен! Үйшіктен кейіпкерлер шығады.

Микки Маус: Қош келдіңіздер! Біз сіздерге өз өнерімізді көрсетеміз.

Би: «Микки Маус».

– Балалар, саяхатымызды одан әрі жалғастырайық. (Кемеге мініп әуенмен аттанады).

– Джунглиде кім өмір сүреді? («Маугли»).

– Яғни, адамның баласы жабайы аңдармен өмір сүреді. Бұл ертегіні білеміз бе? (Қуала атты қасқыр досымен шығады).

Қасқыр: Джунглиге қош келдіңіздер! Менің Маугли досым, өз достарымен бірге келген қонақтарға өнерін көрсетпекші.

Би: «Чунга-чанга».

«КӨЛШІКТЕГІ ҮЙРЕКТІҢ БАЛАПАНДАРЫ»



САПИГАЛИЕВА
Алмаш Доскалиқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының I-санатты тәрбиешісі

Кіріктірілген білім беру салалары: «Әлеумет». «Шығармашылық».

Кіріктірілген оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу. Мүсіндеу.

Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін кеңейту. Үйректер және оның балапандары туралы әңгімелеу. Ұсақ қол моторикасының қозғалысын жетілдіру. Екі бөлшекті біріктіру, тегістеу, шымшып созу әдістерін пайдалануды дамыту. Құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту.

Әдіс-тәсілі: АКТ, Триз, Кейс технологиялары. Слайд, ойын-тапсырма. Психологиялық жаттығу. Баламен жеке жұмыс.

Көрнекі құралдар: Үй құстарының суреттері, «Әткеншек» триз ойынына қажетті құралдар, әуенді бейнеролик, үлгі-балапан, ойыншық үйрек пен «көлшік», ермексаз, тақтайша, сулық.

Алдын ала жұмыс: Үй құстары туралы бейнеролик көрсетіп, әңгімелеу.

Билингвальды компонент: Үйректің балапаны-үтенек.

Сөздік жұмыс: «Үрпек»-қорқақ.

Шаттық шеңбері.

«Ғажайып сәт». Тәрбиеші балаларға орындықтағы орамал астынан ұядағы жұмыртқаны көрсетеді. Балалар оны көріп, қызығушылық білдіреді.



– Балалар, бұл не? (Жұмыртқа).

– Қандай геометриялық пішінге ұқсайды? Түсі қандай? (Сопакша, түсі ақ).

– Ішінде не бар? (Балапан).

«Психологиялық жаттығу».

– Олай болса, жұмыртқаның ішіндегі балапанға жылы лебіздерімізді білдірейік. (Балалар жұмыртқаның ішіндегі балапанға тілектерін айтады).

«Үй құстары». (Слайд бойынша әңгімелеу).

– Балалар, үй құстарына әтеш, тауық, қаз, үйрек жатады. Мынау әтеш, оның басында айдары бар. Ал, мынау тауық. Ол жем жеп, су ішеді. Олар ақ, қоңыр түсті болады. Ал мынау – қаз. Оның мойны, тұмсығы ұзындау келеді. Ал мынау қанаттары. Ол тауықтарға қарағанда үлкендеу болады. Ал мынау – үйрек. Олар суда жүзгенді ұнатады. Суда әдемі жүзеді. Балапандарын да жүзуге үйретеді. Ақ, кара, қоңыр, ала үйректер су бетіне көрік береді. Олардың мойны қысқа, аяқтары жарғақ, тұмсығы жалпақ болып келеді. Үйректің жұмыртқасы тауықтікіне қарағанда үлкендеу болады.

(Балалар үй құстары туралы тақпақтарын айтады).

Гүлім:

Оятпа, қораз, сен бізді,
Өзімде сездім таң атты.
Сенсіз-ақ білем мезгілді,
Танимын енді сағатты.

Сезім:

Ақ тауық-ай, ақ тауық,
Ақ тауық неткен қақсауық.
Ертемен қыт-қыттайды,
Ауламыздан шықпайды.

Зейнеп:

Қазым, қазым қаңқылдап,
Көлде жатыр салқындап.
Жем шашайын жейсің бе?
Кәмпит берші дейсің бе?
Жок, жок, жоқ,
Кәмпит тәтті ас болмас,
Арпа менен бидай шаш.

Мұслим:

Моп-момақан үйрекке,
Тентектікті үйретпе.
Ширақ атта бір уақ,
Алсын құстар өнеге.
Жол үстінде тұрып-ап,
Жолаушыны бөгеме.

– Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олардың пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Ұя салары, жем, су береді. Ұя

маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді.

Ойын-тапсырма: «Қобдишадағы үй құстарын тауып жина».

Мақсаты: «Кейс» қобдишасынан үй құстарын тауып, тақтаға қоюды үйрету.

Шарты: Қобдишадағы араласып кеткен дала және үй құстарын атап, тақтаға қояды. Не үшін таңдағанын айтады.

Дидактикалық ойын: «Әткеншек».

Мақсаты: Триз технологиясы арқылы балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, сенсорлық білімін жетілдіру.

Көрнекілігі: Диаметрі 50 см болатын дөңгелек фетра материалы немесе қалың мата, дөңгелектің жиегінде шартты белгісі бар суреттер, ойыншықтар.

Шарты: Ойынға 5 бала қатысады. Біреуі қалаған үй құсының ойыншығын не суретін таңдап алып, ортасындағы дөңгелекке қояды. Балалар шеңберді айналып жүреді, «тоқта» деп белгі берілгенде, қай шартты белгінің тұсына келсе, сол белгіге байланысты үй құсына сипаттама береді. Алдын ала балалар шартты белгілердің (түсі, пішіні, дене мүшелері, немен қоректенетіні, қайда тіршілік ететіні) нені білдіретінін білуі керек.

Сергіту сәті: «Кішкентай үйректер» биі. (Бейнеролик арқылы).

«Көлшіктегі үйректің балапандары». (Мүсіндеудің әдіс-тәсілін көрсету).

– Балалар, қарандаршы, көлшікте жалғыз үйрек жүзіп жүр. Оның көңіл-күйі жоқ. Балапандары өскен соң кетіп қалыпты. Біз оған ермексаздан балапандар жасап, мүсіндеп берейік. Ол үшін балапанның дене құрылысын талдап алайық: денесі – сопақша, мойны – қысқа, басы – дөңгелек, тұмсығы – жалпақ, көзі – мөлдір кара, қанаты, құйрығы, екі аяғы бар. Балапанның денесі жұмсақ, өзі «үрпек» болады. (Педагог балаларға өзі дайындаған үлгіні көрсетеді. Жұмыстың орындалу тәсілін түсіндіреді).

– Сары түсті ермексазды екі бөлікке бөлеміз. Үлкен бөліктен сопақша етіп денесін жасаймыз. Кіші бөлікті дөңгелектеп, шар пішіндес етіп басын жасаймыз. Басын, мойнын созып шығарамыз. Басы мен денесін біріктіріп, сұқ саусағымызбен тегістейміз. Үлгіге қарап, қызғылт сары ермексаздан аяғын жасаймыз, тұмсығын шымшу тәсілімен шығарамыз. Қара ермексазды дөңгелектеп, көздерін жасап жапсырамыз. Біздің көлшігіміз әдемі болу үшін оған жасаған балапандарымызды жіберейік. (Балалар мүсіндеген балапандарын «көлшікке» қойып, «жүздіртіп» ойнайды). Тәрбиеші балаларды мадақтап, смайликтер үлестіреді.



«ТАҒАМ БІЗГЕ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?»



**ҚАЖЫМОВА Мөлдір
Жасұланқызы,**
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Таным».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Балаларға тағамның адам өміріне қажеттілігін түсіндіре отырып, оларды ажырата білуге үйрету. Тағамдардың пайдасы, зияны туралы білімдерін кеңейту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Байқампаздыққа, шапшаңдыққа баулу, адамгершілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Ой толғау: «Тамақ бізге не үшін керек?». АКТ технологиясы арқылы тағамдармен танысу.

Көрнекілігі: Дидактикалық ойын материалдары, слайд, тағамдар көрмесі.

Кейіпкерлері: Дымбілмес, қуыршақ.

Шаттық шеңбері.

Қайырлы таң, ормандар мен далалар!

Қайырлы таң, достасқан бар, балалар!

Қайырлы таң, біздің балабақшамыз!

Қайырлы таң, жора-жолдас, ұл мен қыз!

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

– Сәлеметсіздер ме, балалар.



– Жарайсыңдар! Енді орнымызға отырайық. «Тағам бізге не үшін қажет?» – деген тақырыпта жаңа ақпараттармен танысатын боламыз.

Ой толғау: «Тамақ бізге не үшін керек?».

– Қалай ойлайсыңдар, тамақ деген не? Ол бізге не үшін керек? Барлық тағамдар жеуге жарамды деп ойлайсыңдар ма? Сендердің сүйікті тағамдарың қандай? Ал қандай тағамды ұнатпайсыңдар? (Балалардың жауабы).

Тосын сәт: Дымбілместің келуі.

Дымбілмес: Сәлеметсіздер ме, балалар. Қарнымның ашып тұрғаны-ай! Нені жеймін. Мынаны ма, әлде мынаны ма? (Топыраққа, тасқа, ағашқа жабысып, оларды жей бастайды).

– Дымбілмес, сен не істеп жатырсың? Балалар, Дымбілместің қарны ашыпты. Ол тасты, топырақты жеймін дейді, мұнысы дұрыс па? Біз қарнымыз ашқанда не жейміз? (Тамақ жейміз).

Дымбілмес: Тамақ? Тамақ деген не?

– Дымбілмес тамақтың не екенін білмейді екен. Біз оған түсіндірейік.

АКТ технологиясы арқылы тағамдармен танысу.

– Балалар, біз қарнымыз ашқан кезде тамақ жейміз. Тағамдардың ұннан, сүттен, еттен жасалатын түрлері болады. Сүттен жасалатын тағамдарға: ірімшік, құрт, қаймақ жатады, ал ұн өнімдеріне нан, бөлке нан, бауырсақ, печенье т.б. жатады. Дымбілмес, көрдің бе, қарнымыз ашқан кезде осы тағамдарды жейміз. Бірақ тағамдардың барлығы бірдей пайдалы емес. Олардың ішінде зиянды тағамдар да кездеседі. Оларға сағыз, кәмпит, чипсы, ащы тағамдар жатады.

Дымбілмес: Балалар, мен барлығын түсіндім, бірақ мен тағамдардың қайсысы сүттен, қайсысы ұннан жасалатынын білмеймін.

– Балалар, Дымбілмеске көмектесеміз бе? (Иә).

Д/ойын: «Тағамдарды ажырат».

Шарты: Балаларға тағамдардың суреттері беріледі. Олар сол суреттерді тағамдардың түрлеріне қарай өз орындарына орналастырады. Суреттер



арасынан тағамдарды бөлек, сусындарды бөлек ажыратады.

– Дымбилмес, көрдің бе, тағамдар мен сусындарды балалар дұрыс тапты.

Дымбилмес: Балалар, рахмет! Мен енді тағамдарды ажырата аламын.

Сергіту сәті.

Ойын: «Қуыршақты тамақтандыр».

Шарты: Ортада қуыршақ отырады. Үстел үстіне тағамдар және топырақ, тас қойылады. Балалар қуыршаққа тағамдарды ұсынады. Қуыршақ жегісі келген тағамды атайды, балалар соны ажыратып, табуы ке-

рек. (Үнтаспадан Қуыршақтың дауысы естіледі. Менің нан жегім келеді. М-м-м, дәмді! Менің тас жегім келеді).

– Балалар, қуыршақтың тас жегісі келеді екен. Ол дұрыс айтты ма, тасты жеуге бола ма? (Жоқ, тасты жеуге болмайды).

Қуыршақ: Мен сендерді шатастырғым келді. Менің жұмыртқа жегім келеді. Менің топырақ жегім келеді.

– Балалар қуыршақ тағы да дұрыс айтпады ма? (Иә, жұмыртқаны жеуге болады. Топырақты жеуге болмайды).

«ҚАЗЫНА АРАЛЫНА САЯХАТ»



АБУЛХАНОВА
Қалыгүл Асқарқызы,
№ 59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының II-санатты тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың қимыл дағдыларын жетілдіру. Алған білімдерін іс-тәжірибеде қолдану машығын дамыту. Балалардың денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру. Жылдамдылыққа, икемділікке, күштілікке, төзімділікке баулу.

Кейіпкерлер: Айболит. Теңіз ханшайымы. Қарақшы.

(Балалар сап түзеп музыка әуенімен залға кіреді).

– Балалар, бүгінгі ойын-сауығымыз қызықты өту үшін біз «Қазына аралына» саяхатқа барамыз. Жолымыз ұзақ әрі кедергілерге толы болатынын ескертемін. Саяхатқа шығу үшін алдымен дәрігердің рұқсатын алайық. (Әуенмен дәрігер Айболит кіреді).

Айболит: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мені шақырындар ма?

– Сәлеметсіз бе, дәрігер Айболит. Біздің балалар «Қазына аралына» саяхатқа шыққысы келеді. Олардың денсаулығын тексеріп бересіз бе?

Айболит: Жарайды, алдымен бәріміз әуенді ән-жаттығуын орындайық.

Әуенді ән-жаттығуы.

Айболит: Жарайсындар, балалар! Бәрің саяхатқа дайын екенсіңдер!

(Экранда әуенмен кемеңіз суреті көрсетіледі).

– Қане, балалар, ойша көз алдымызға кемеңіз елестетіп, қазына аралына саяхатқа шығайық. Көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз бірқалыпты дем алып, асау толқындары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын естіп, оған қызыға қарап, жағалауға жетіп қалдық. Балалар, бұл жер өте қауіпті. Сол себепті менің айтқандарымды бұлжытпай орындандар. Ендеше бізге еш қорқыныш жоқ. Қане, кеттік, қызық пен құпияға толы жерді аралайық. (Әуенмен теңіз ханшайымы нөкерлері – сегізаяқ, балықтар, теңіз тасбақалары, бақалармен шығады).

Теңіз ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен теңіз ханшайымымын. Бүгін серуендеп жүріп, менің нөкерлерім теңіз түбінен мынаны (ішіне картаның бөлігі салынған бөтелкені көрсетеді) тауып алды.

– Сәлеметсіз бе, теңіз ханшайымы! Біз саяхатқа шығып, қазына іздеуге бара жатырмыз. Бөтелкені ашып көрейік. Бізге бір көмегі тиіп қалар.

Теңіз ханшайымы: Жарайды, көрейік. Балалар, мынау карта емес пе? Бірақ, картаның бір бөлігі ғана екен. Балалар, бәріміз картаның басқа бөліктерін табылық. Сонда іздеген қазыналарың да табылар.



– Олай болса саяхатымызды одан әрі қарай жалғастырайық.

Ойын: «Музыкалық балдырлар».

Шарты: Шенбер бойынша қатысушылардың санынан біреуі кем балдырлар қойылады. Музыка ойнағанда балалар балдырларды айналып жүреді. Музыка тоқтағанда олар балдырдың тұсына тұруы керек. Кімге балдыр жетпей қалса, сол ойыннан шығады. Ойында соңғы қалған қатысушы жеңіске жетеді.

Теңіз ханшайымы: Жақсы көңіл көтердік! Міне, картаның бір бөлігі.

– Рахмет, теңіз ханшайымы! Балалар, теңіз жағасымен жүрейік. (Жай жүру).

– Енді жүгірейік. (Бірқалыпты жүгіру).

– Балалар, мына кедергіден өту үшін құрсаудан құрсауға секірейік. Бөренелерден секіріп-секіріп өтейік.

Айболит: Балалар, абайландар! Құрсаудан, бөренелерден жәймен, асықпай секіреміз. Жарақаттанып қалмандар!

– Жарайсындар! Бұл сынақтан да өттік. Мұнда жасырылған картаның бір бөлігін таптық. (Әуенмен Қарақшылар жүгіріп шығады).

Қарақшы:

Бір-екі, үш, төрт,

Бізден артық қарақшы жоқ!

Біздің жолымызда тұрмандар,

Біз ашулымыз, байқандар!

– Сәлеметсіздер ме. Біз сіздердің жолдарыңызға кедергі келтірмейміз! Балалар «Қазына аралына» қазына іздеуге саяхатқа шықты.

Қарақшы: Қарандар, расында да менің түйсігім алдамапты! Тағы біреулер қазынаны аңдып жүр!

Қане, мен сендерге көрсетейін! (Балаларды арқанмен байлап тастамақшы болады).

– Өтінемін, балаларды жіберіңіздерші? Олар тілектеріңізді орындайды!

Қарақшы: Олай болса, менің сүйікті биімді билеп берсін.

Би: «Қарақшылар».

Теңіз ханшайымы: Балалар, барынша тырысып бақты, оларды жіберіңдер!

Қарақшы: Енді балалармен «Бөренеден жүріп өту» ойынын ойнағым келеді.

Шарты: Балалар әуенмен «бөренеден», яғни арқан бойымен жылдам өтіп, допты себетке лақтырады.

– Қарақшы, біздің балаларымыз қалай, епті ме екен? Олардың ойыны көңіліңізден шықты ма?

Қарақшы: Иә, балалар сондай епті, тәртіпті, өнерлі екен! Міне, алыңдар. Мынау картаның соңғы бөлігі!

– Балалар, ханшайым, келіңдер. Картаны құрас-тырайық.

(Теңіз ханшайымы үңгірден қазына толы сандықшаны алып шығады).

– Келіңдер, бәріміз қазынаны бөлісейік!

Теңіз ханшайымы: Рахмет, балалар! Қазына сендердікі. Менің теңізіме қайтатын уақытым болды, жүріңдер нөкерлерім! (Әуенмен ханшайым нөкерлерімен шығып кетеді).

– Қарақшы, келіңіз, қазынаны бөлісіңіз!

Қарақшы: Рахмет балалар! Мен осы аралдың қарақшысымын, менің орным осында. Сау болыңдар, қазына сендердікі! (Қарақшы шығып кетеді).

– Олай болса, біз кемеге жайғасып «Балабақша» әнін шырқап, балабақшамызға қайтайық.





«КІШКЕНТАЙ СПОРТШЫЛАР»



АНДАБАЕВА
Асем Ербулатқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының дене шынықтыру
нұсқаушысы

Мақсаты: Балаларды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту, дене мүшелерінің сұлулығын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту арқылы жылдамдыққа, ептілікке, төзімділікке шыңдау. Қуанышты көңіл-күй сыйлау. Ойын-сауықтарға қатысуға деген ынта-ықыластарын, қызығушылықтарын ояту.

Құралдар: Құрғақ бассейн, қоян бетпердесі, түрлі түсті доптар, самокат, тунель, киндер ойыншығы, қасық.

— Армысыздар, спорт сүйер қауым. Бүгінгі II-ші кіші топтар арасында өтетін «Кішкентай спортшылар» атты спорттық жарысқа қош келдіңіздер. Ортаға кішкентай спортшыларымызды шақырайық. (Балалар екі қатарға, екі команда болып тұрады. Әділқазылар алқасы таныстырылады).

Тосын сәт. (Әуенмен сайқымазақ кіреді).

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар, мені таныдыңдар ма? Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Мен сендерге келе жатып досымды жоғалтып алдым. Ол сендердің араларында тығылып қалған жоқ па? (Айналасынан іздей бастайды, сол сәтте шетте тұрған қапшыққа көзі түседі).

Сайқымазақ: Балалар, бұл не? Әдемі қапшық екен. Ішін ашып көрейікші? (Сайқымазақ қапшықты ашқанда ішінен тағы бір сайқымазақ шығады. Екеуі құшақтасып менің атым Төке, ал менің атым Көке деп танысады. Көңілді музыка қосылады).

Төке: Көке, біздің киндер ойыншығымыз қайда? (Көке қапшықтың ішінен киндерді алып береді).

Төке: Балалар, біз сендерге қызықты спорттық жарыс түрлерін алып келдік. (Нұсқаушыға береді).

— Олай болса, Төке, Көке, екі командаға бөлініп, балалармен бірге жарысыңыздар. Ал енді спорттық ойынымызды бастайық.

Ойын: «Түрлі түсті доптар».

Шарты: Балалардың алдарында құрғақ бассейн тұрады. Бассейннің ішінен Төкенің тобы қызыл доптарды жинайды. Көкенің тобы сары доптарды жинайды. Қолдарына қапшық беріледі. Кеглилар арасынан секіріп барып, сол қапшыққа әр бала 3 доптан салып алып, қапшықпен секіріп кейін команданың қасында тұрған себетке жинайды.

Ереже: Балалар кеглилардың арасынан, кеглиді құлатпай секіріп келуі керек.

Ойын: «Сұр қояндар».

Шарты: Ойыншыларға атрибут беріледі. Алдарына алжапқыш байланады. Жерде жатқан құрсаудан құрсауға қолдарын белге қойып секіріп межеде жатқан сәбіздің біреуін алып қалтасына салып, жылдам жүгіріп себеттеріне жинайды. Қай команда бірінші келсе, сол жеңіске жетеді.

Ереже: Балалар құрсауға келгенде қолдарын белге қойып секірулері керек.

Ойын: «Кім шапшаң».

Шарты: Ойыншылардың қолдарына доп беріледі. Сол допты домалатып тунель астынан өтеді, межеден айналып өтіп, командасына жылдам жетеді.

Ереже: Балалар допты жылдамдықпен домалатып тунель астынан өтуі керек.

Ойын: «Кім епті?».

Шарты: Ойыншылардың қолдарына қасық пен киндер беріледі. Сол киндер ойыншықты қасықтан түсірмей тепе-теңдік сақтап гимнастикалық орындықтың үстімен жүріп кері қайтады.

Ереже: Балалар қолдарынан киндер ойыншығын түсіріп алмауы керек. Гимнастикалық орындық үстінен тепе-теңдік сақтап, құлап қалмау керек.

— Жарайсындар балалар! Бүгінгі жарысымыз бәріңе ұнаған сияқты. Төке мен Көкеге рахмет айтамыз. Көңіліміз көтеріліп қалды. Ендігі сөзді әділқазыларға береміз.

Марапаттау.



«КҮЗГІ КАЛЕЙДОСКОП»



АБУОВА Гулнар Жолдасқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының дене тәрбиесі
нұсқаушысы

Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Әртүрлі ойын түрлерімен таныстыру, тәсілдерін меңгерту. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, мергендік пен шапшаңдылық қабілеттерін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Қажетті құралдар: Қағазға салынған ағаш суреті, жапырақтар, отырғыштар, доптар, жіптер, велосипед, самокат, шығыршықтар, текшелер.

— Сәлеметсіздер ме, құрметті тәрбиешілер, балалар. «Күзгі калейдоскоп» дене шынықтыру іс-шарасына қош келдіңіздер!

Ойын ойнап, көтереміз көңілді,
Ойын ойнап, дос боламыз бәріміз.
Ойын ойнап, жарысамыз озамыз,
Ойын ойнап, ойымызды шындаймыз.

Залға кейіпкерлер, Буратиноны және Күлдіргішті ересектер тобымен шақырамыз. (Нұсқаушы ойналатын ойындардың шартымен таныстырады).

— Ал енді жарысқа қатысушы ойыншыларға сәттілік тілеймін!

Ойын: «Сикырлы қорапша».

Екі топтан екі ойыншы шығады. Арқаларында сикырлы қорапша болады. Қорапшаның ішінде киндер ойыншықтары бар. Бірінші ойыншы секіру арқылы ойыншықтарды жерге шашады, шашылған ойыншықтарды топтың қалған мүшелері қолдарындағы қоржынға жинап шығады.

Ойын: «Жапырақтар».

Ойыншылардың алдарында ұзын жіп керіліп тұрады. Топтың әр ойыншысы осы жіпте ілініп тұрған жапырақтарды үру арқылы мәреге жеткізеді.

Ойын: «Кім ұқыпты».

Әр топқа шығыршық пен текшелер қойылған. Ойыншылар шығыршыққа секіру арқылы, сол жақта тұрған текшелерді оң жаққа қою арқылы мәреге жетіп, үстел үстінде тұрған жарты қиылған күзгі суреттерді құрастырады.

Ойын: «Сикырлы қарындаш».

Балалар самокат арқылы кедергілердің арасымен жүріп өтіп, мәреде тұрған күзгі мезгілге жататын суреттерді бояйды.

Ойын: «Кім жылдам?».

Әр ойыншы доғаның астынан өтіп, шығыршықтан шығыршыққа секіріп, үстел үстіндегі шарды үріп стаканның ішіне салады. Стаканды түсірмей мәреге жету керек.

Ойын: «Калейдоскоп».

Ойыншыларға велосипед беріледі. Олар велосипед арқылы кедергілер арасымен өтіп, мәреге барып шашылып жатқан түрлі-түсті калейдоскопты құрастырады.

— Бәрекелді балалар! Сендер өте тамаша ойнадыңдар. Деніміз сау, аспанымыз әрдайым ашық болсын! Сау саламатта болайық.





*Асанова Гүлмира Борисқызы,
Атырау қаласындағы №59 «Ақбөбек» бөбекжай-
бақшасының директоры*



*Куанышева Гүлмира Хисметоллақызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының әдіскері*



Атырау қаласындағы №59 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері



*Дауитова Гүлшат Серікқызы,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының әдіскері*



*Жумашева Г.М.,
№59 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының
педагог-психологы*





№59
«Ақбөбек»
бөбекжай-
бақшасының тыныс-
тіршілігінен
көріністер







АДАМГЕРШІЛІК-РУХАНИ ТӘРБИЕ – АДАМЗАТТЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ



БЕКЖАНОВА Бекзат,
Ақтөбе қаласындағы №50
«Алтын бесік» балабақшасының
тәрбиешісі

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі – өскелең жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалынан және тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан педагог адамгершілік ықпалдың әртүрлі әдістерін қолдана отырып жасалған жүйелі жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілерінің жетістіктерін зер салып талдауы керек. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-әрекеттерінен, мінез-құлықтарынан көрінеді. Моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Баланың өмірге белсенді көзқарасы үлкендердің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу-тәрбие процесінде, педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармалармен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизмге тәрбиелеуге, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның

бәрі де баланың бағытын анықтайды, оның өмірге деген белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады. Әр баланың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау бүгінгі күннің талабы. Оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін оған өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер, еңбексүйгіштік, үлкендердің еңбегін құрметтеу, ұйымшылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар, т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, (тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау) кенпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады. Баланы тәрбиелей отырып педагог оның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді. Яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды.

Рухани-адамгершілік тәрбие дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормаларын, қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Сананың қалыптасуы ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарынан, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады.

Үлкенді сыйлау – адамгершіліктің негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет бары-



сында, әртүрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар, мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер арқылы беріледі. Адамгершілік — адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Ол тұлғаның бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік — ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті. Адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру — ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік — әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгер-

шіліктің қайнар бұлағы отбасынан бастау алады. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Балаға жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиенің ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, оларды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс.

ЕРТЕГІ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША СЮЖЕТТІ-БЕЙНЕЛІ ОЙЫНДАР



НУРГОЖИНА Р.О.,
№50 «Алтын бесік»
балабақшасының тәрбиешісі

Ойын — мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын үстінде баланың икемділігі, бейімділігі, мүмкіндігі және қызығушылығы анық байқалады. Ойын мазмұны, түріне қарай, мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дамытушы, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді.

Мазмұнды-бейнелі ойында балалар мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады. Оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады. Оларды табу үшін еңбектенеді. Ал, еңбек ұжымдық іс-әрекетке жұмылдырады және шығармашылық іс-әрекетке бағыттайды. Балалардың өзара қарым-қатынасын реттейді. Олардың бойында адамгершілік қасиет

қалыптасады. Балалар алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады. Көркем әдебиетпен байланысы кезінде оның эстетикалық танымдық, әлеуметтік, сөйлеуді дамыту мүмкіндігі жүзеге асады. Оларға оқылған немесе айтылған бейнелер мен кейіпкерлер туралы түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді. Балалардың бойында ұлттық безендіру — қолданбалы және бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын қалыптастырады. Құрылыс ойынында балалар сызық бойынша әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-біріне келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарын пішіні, түсі бойынша ор-



наластырып, олардың көлемін (кең-тар, биік-аласа) салыстырады. Ойын барысында жаңа мазмұн ойластырады. Өзінің және достарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді. Дидактикалық ойын барысында балалардың есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, музыкалық ойыншықтар мен әртүрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшеліктерін ажыратуға, заттарды түсіне, пішініне, көлеміне қарай іріктеуге, әртүрлі киімдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойнайтын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың қозғалысын, жүгіру, секіру, өрмелеу, лактыру, қағып алу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұндай ойындар баланың жүйке-психологиялық дамуына үлкен әсер етеді. Қимыл-қозғалыс ойынында ұйымдастырушы үлкен рөл атқарады. Ол ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Қимыл-қозғалыс ойындары топтың ішінде, серуен кезінде бірнеше баламен немесе топпен жүргізіледі. Ойынды игерген балалар өздігінен ойнай алады. Дамытушы ойындар танымдық сезімді оятады, яғни балалардың тану, іздену әрекетін дамыта отырып, талдау, ойлау, қиял-ұшқырлығын қалыптастырады. Күнделікті оқыту үрдісіне мақал-мәтел, әңгімелер, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегілерді кеңінен пайдалану маңызды. Балалар өмір құбылыстарына, адамдарға, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы көрсетеді. Сондықтан ойынның қай түрі болсын балалардың жан-жақты дамуында маңызды рөл атқарады. Ойын элементтері баланың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді.

Мазмұнды-бейнелі ойын: «Түлкінің туған күні».

Орманда әр ағаштың түбінде бір-бір аннан отырады. Залға көңілді әуенмен билеп түлкі келеді. Ол аңдармен амандасады да, әндетіп кетіп қалады. Аңдар таңданып бір-бірінен сұрайды.

Аю: Түлкі бүгін көңілді ғой.

Қасқыр: Оның себебі бар шығар.

Қоян: Сендер білмейсіңдер ме? Бүгін түлкінің туған күні.

Аю: Ендеше неге тұрмыз, түлкіні барып құттықтайық.

Қоян: Олай болса, дүкенге барып сыйлық алайық. (Бәрі дүкенге барады).

Аңдар: Сәлеметсіз бе, тиін!

Тиін: Сәлеметсіздер ме? Бәрің жиналып қайда бара жатырсыңдар?

Қоян: Түлкінің туған күніне.

Қасқыр: Айтыңызшы, түлкіге қандай сыйлық алсақ болады?

Тиін: Биыл тышқан жылы ғой, тышқан ойыншығын сыйлаңдар.

Аю: Ойыншығыңыз қанша тұрады.

Тиін: 100 теңге тұрады.

Қасқыр: Тиін, сіз де бізбен бірге жүріңіз.

Тиін: Жарайды, менде түлкіні құттықтап келейін. (Бәрі дүкеннен шығады).

Қоян: Енді шаштаразға барып, шашымызды сәнділейік.

Аңдар: Сәлеметсіз бе, кірпі!

Кірпі: Сәлеметсіздер ме! Бәрің жиналып қайда бара жатырсыңдар?

Қоян: Түлкінің туған күніне бара жатырмыз.

Аю: Біздің шашымызды сәндеп бересіз бе?

Кірпі: Жақсы бір-бірлеп отыра қойыңыздар. (Шаштарын сәндідейді).

Аю: Рахмет кірпі, сіз де бізбен жүріңіз.

Кірпі: Жақсы барсам барайын. (Заттарын жинастырады, бәрі бірге жолға шығады. Жолда қоян абайсызда аяғын ауыртып алады).

Қоян: Аяғым, аяғым.

Аңдар: Не болды, қоян?

Қоян: Аяғымды ауыртып алдым, баса алар емеспін.

Аю: Онда сені дәрігерге апарайық. (Аю қоянды көтеріп дәрігерге келеді).

Аңдар: Сәлеметсіз бе, дәрігер!

Дәрігер: Сәлеметсіздер ме! Қоян, саған не болды?

Қасқыр: Дәрігер, бүгін түлкінің туған күні. Бәріміз соған бара жатыр едік, жолда қоян аяғын ауыртып алды, қарап жібересіз бе?

Дәрігер: Қоян, аяғыңды көрсете қойшы. (Аяғын ұстап көріп, байлап береді).

Қоян: Рахмет дәрігер. Сіз де бізбен бірге жүріңіз.

Дәрігер: Жарайды, барсам барайын. (Бәрі түлкінің үйіне келеді).

Алдарынан түлкі шығады.

Түлкі: Сәлеметсіздер ме, достарым!

Аңдар: Сәлеметсіз бе, түлкі! Туған күніңіз құтты болсын! (Бәрі түлкіні туған күнімен құттықтайды).

Аю: Қымбатты түлкі, мынау біздің сыйлығымыз, қабыл алыңыз.

Түлкі: Рахмет достарым, үйге кіріп менің дайындаған тамағымнан дәм татыңыздар. (Бәрі дастарқанға жайғасады. Онда бал, сәбіз, ет, алма, жаңғақ тұрады. Әркім өздері жақсы көретін тағамдарын алып жейді).

Қоян: Түлкінің туған күніне арнап тілегімізді білдірейік.

(Бәрі түлкімен бірге өлең, такпақтарын айтып, ойындар ойнап, үйлеріне көңілді қайтады).



«ДЫБЫСТАР МЕН ӘРІПТЕР»



НУРМАНОВА Г. Н.,
№50 «Алтын бесік»
балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: «Қатынас». «Таным». «Шығармашылық».

Кіріктірілген оқу іс-әрекеті: Сауат ашу және жазу негіздері. ҚМТҚ. Жапсыру.

Мақсаты: Балалардың дыбыстар мен әріптер туралы алған білімін еске түсіру, қайталау, дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшелігін пысықтау. Әртүрлі тапсырмалар арқылы шығармашылығын дамыту. Топпен жұмыстар арқылы ұйымшылдыққа, бірін-бірі тыңдай білуге тәрбиелеу.

Қажетгі құрал-жабдықтар: Әріптер, сандар жиынтығы, алма ағашы.

Сөздік жұмысы: Дыбыс, әріп.

Билингвальды компонент: Ит-собака, мысық-кошка, кірпі-ежик, алма-яблоко.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

– Қыс мезгілінде неше ай бар? (Үш ай).

– Қыс айларын атаңдаршы. (Желтоқсан, қаңтар, ақпан).

– Бүгін аптаның қай күні? (Жұма).

– Ал енді, осы уақытқа дейінгі өткен дыбыстар мен әріптерді қайталап айтайық. (А, Н, Л, Р, О, Т, У, Ш, С, Д, Ы, М, Қ, Ұ, І, Е, К, Ү, И, Й, Ғ).

– Дыбыстар нешеге бөлінеді? (Дауысты, дауыссыз болып екіге бөлінеді).

– Дауысты дыбыстар қалай айтылады? (Еркін айтылады).

– Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? (Кедергімен айтылады).

– Дұрыс айтасындар, кейбір дыбыстар ауыз қуысынан еркін шықса, ал кейбіреуі кедергіге ұшырайды. Ал әріптер ше? (Әріптерді көреміз, оқимыз, жазамыз).

Тосын сәт: Білгірдің келуі.

Білгір: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен Білгірмін,

Білерім көп менің.

Ілім, білім үйренем десен,

Сауат ашып қане,

Әріптерді қайталап.

Буындарға бөлейік,

Дос болайық балақай,

Үйренейік алақай!

Мен сендермен қызықты тапсырмалар арқылы ойын ойнауға келдім.

– Балалар, Білгірдің тапсырмалары бар екен.

Орындауға дайынбыз ба? (Иә).

«Әріптерді ретімен қоя білеміз бе?».

1-тапсырма: Кірпі. Ана. Нан. Лак.

– Балалар, осы сөздерді буынға бөліп, орыс тілінде айтайық. (Кірпі-ежик, ана-мать, нан-хлеб, лак-козленок).

– Енді біз Білгірді таң қалдырып, тура және кері 1-ден 20-ға дейін санайық. (Балалар тура және кері санайды).

2-тапсырма: «Сикырлы сандар».

Сикырлы сандарда суреттер жасырылған, сол суреттерге дыбыстық талдау жаса. Тауық-1. Ит-3. Мысық-7. Шана-5. (Балалар тапсырманы орындайды).

3-тапсырма: «Адасқан әріптер».

– Балалар, қарандаршы, қандай әдемі алма бағы. Алма бағында қанша алма бар екенін санайық. Бағымызда 6 алма бар екен. Бір алма қайда кетті? Мүмкін біз алма деген сөзді дұрыс жазбай тұрған шығармыз. Оқып көрейік.

4-тапсырма: Дәптермен жұмыс.

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста,

Емін еркін тыныста.

Демінді ішке тез ал да,

Оң қолыңды соз алға.

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада.



Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап тынбасын.

Дидактикалық ойын: «Қалаларды тез ата».

Тәрбиеші әріптер бойынша дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын қалаларды атайды. (А... Ақтөбе, Алматы. Қ... Қарағанды, Қостанай. О... Орал. Т... Теміртау, Тараз, Түркістан. Ж... Жезқазған. К... (Көкшетау).

Дыбыстық жаттығу:

Ән-ән-ән,

Қамба толы дән.

Ән-ән-ән,

Әжем айтқан ән.

Ән-ән-ән,

Құрып жүрген сән.

(Білгір балаларды мадақтап, қоштасады).

«ОЙЛАН ТАП»



АЛДИЯРОВА Алия,
№50 «Алтын бесік»
балабақшасының тәрбиешісі

Білім саласы: Таным.

Оқу іс-әрекеті: Математика негіздері.

Мақсаты: «Ойлан тап» деп аталатын ойын сабақта балалармен бірге 1-5-ке дейінгі сандарды тура және кері санау. Әрбір санның алдындағы және кейінгі санды дұрыс атай білуге үйрету. Қанша? Қандай? Нешінші? - деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Баланың қиялын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: 1-5-ке дейінгі сандар, бес алма, алмұрт, өріктің, құлпынайдың суреттері, геометриялық пішіндер, үлестірмелі материалдар.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

– Біздің топтың ұл, қыздары,

Тату-тәтті ойнайды.

Әлемдегі бар адамға,

Тек жақсылық ойлайды.

Тәрбиеші балалардан жыл мезгілдері, апта күндері туралы сұрайды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.

– Жарайсындар балалар!

Сергіту сәті:

1-2-3, қарлығаш болып ұш.

4-5-6, қарлығаш болып қалқы.

7-8-9-10, қарлығаш болып қон.

– Балалар, біз сендермен өткен АҰОҚ 1-5-ке дейінгі сандармен танысқан болатынбыз. Қане, еске түсірейікші. (Балалар 5-ке дейін санайды).

Ойын: «Қандай сан қалып қойды?».

Ойынның шарты бойынша балалар көзін жұмады. Сол кезде тәрбиеші бір санды алып қояды. Балалар қай санның жоқ екенін айтады.

Ойын: «Көршілес санды тап».


3 4 2 1 5. 1 4 2 3 5. 5 2 3 1 4. (Балалар сандардың көршісін табады. Осы кезде есікті қағып, ішке өз тапсырмаларымен геометриялық пішіндер кіреді).

1-тапсырма: «Өрнек құрастыру».

Төртбұрышты тақтайшадан түрлі пішіндер орналастыру.

2-тапсырма: Төртбұрышқа ұқсайтын заттарды ата?

3-тапсырма: Геометриялық пішіндерді ата.



4-тапсырма: Себетте 2 алма, табақта 3 алма, қосқанда барлығы болады қанша алма?

Балалар тапсырмаларды мұқият орындайды.

Қорытынды.



«КҮЗ МЕРЕКЕ – КҮЗ БЕРЕКЕ»



БАКТЫГАЛИЕВА Г.Г.,
№50 «Алтын бесік»
балабақшасының тәрбиешісі

– Құрметті қонақтар, ата-аналар! Мерекелі өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен айналаны сары алтынға бөлей келген күз бізге мол өнімін сыйға тартуда. Олай болса, алтын күзімізге арналған мерекемізді бастаймыз.

Ән: «Күзгі вальс».

– Балалар, күзде болатын өзгерістерді тақпақпен айтып беріндерші. (Балалардың тақпағы).

– Міне, күз келіп, күн суытып, аспан бұлттана бастады. Қане, бұлттарым ортаға шығып өнерлерінді көрсетіндерші.

Би: «Бұлттар биі».

Тақпақтар.

Ән: «Тамшылар».

– Ал балалар, балалар,

Енді маған қарандар.

Бізге қонақ келмекші,

Сендерді бір көрмекші.

Әуелі жұмбақ жасырамын,

Құлығымды асырамын.

Таба алсаңдар шешімін,

Қонақты ортаға шақырамын.

Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін.

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін. (Күз)

Күз ханшайымы:

Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным.

Күз сыйлығын алыңдар,

Шаттық әнге салыңдар.

– Сәлеметсіз бе, күз ханшайымы! Төрлетіңіз! Балалардың өнерін тамашалаңыз.

Би: «Қырманға кел қалқатай».

– Күз ханшайымы, біздің балалар сізге арнап тақпақтарын айтады. (Балалардың тақпағы).

Күз ханшайымы: Балалар, мен сендерге өзімнің қызық ойынымды ала келдім. Қаласаңдар, бәріміз бірге ойнайық.

Ойын: «Жапырақтар жинау».

– Ал енді бүлдіршіндерімізге кезек берейік.

Айнамақ:

Күздің қазан айында,

Алма алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Әли:

Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз.

Жиып-теріп болған соң,

Той жасайды халқымыз.

Шыңғыс:

Нұрға бөлеп өмірді,

Жырға бөлеп көңілді.

Жарқыраған сәулелі,

Күз әуені төгілді.

Күз ханшайымы: Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің қайтатын уақытым болды. Сау болыңдар. (Сау болыңыз).

– Күз ханшайымы тарту еткен жемістерден дәм тататын кез келген сияқты. Олай болса, тобымызға баруға жиналайық. Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз әсем айналам, еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Күз берекелі, мол астықты болсын!





ТАУДАЙ ТАЛАБЫ, ЕРЕКШЕ ТАЛАНТЫМЕН ТАНЫЛҒАН АЙБИБИ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!



Нүргүл ТӘКЕБАЕВА,
Қаскелең қаласындағы «Ерке-Нұр»
балабақшасының тәрбиешісі

Алматы облысына қарасты Қаскелең қаласындағы «Ерке-Нұр» балабақшасының алды ертелі-кеш қарбаласқа толы. Балаларын жетелеген ата-аналар еңселі ғимаратқа ентелей басып, ертемен келіп, жүздерінен мейірім шуағы төгілген тәрбиешілеріне оларды тәптіштеп тұрып тапсырып кетеді. Ал, кешкісін алып-ұшқан ата-аналар балауса балғындарын үйлеріне алып кетуге асығады. Осылайша көз бен көңілге көрікті әсер қалдыратын бұл көрініс күн сайын қайталаанады. Өйткені бұл орын бақытты балалық шақтың базарлы мекеніне айналған, балдырғандардың жауқазындай жайқала бас қосатын сүйікті орны – «Ерке-Нұр» балабақшасының тынысы. Жоғарыда тілге тиек еткен тартымды да тамаша сәттер менің жанымды жадырататын жағымды көріністер. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Мен ұзақ жылдардан бері балалар бақшасында өзімнің қалауыммен таңдап алған сүйікті кәсібім – тәрбиешілікпен айналасып келемін. Қызықты қылығы бар баланың бабын табу оңай емес. Мол тәжірибемнің арқасында тілі жаңа шығып былдырлаған сәбилердің, еріксіз жаныңды баурап алатын бүлдіршіндерімнің көңілін таба білдім. Қандай баланың болмасын психологиялық қал-ахуалына қанық болсаң, алдына қойған мақсатыңа қол жеткізеді екенсің.

Мен осы балабақшадағы ересектер тобының тәрбиешісімін. Қарауымда жиырмаға жуық бала бар. Бізге, тәрбиешілерге қойылатын мұндағы талап өте жоғары. Оған осы ұжымдағы менің құрбыларым өздерінің шеберліктерімен және іскерліктерімен жақсы төселіп алған. Оларды іркіліссіз ізденістері алға сүйреп, абыройға бөлеп келеді. Балабақша меңгерушісі Ғалия Жұмаділқызы Әшірбаева біздің көзге ілініп, көпке үлгі болып жүрген жетістіктерімізге қуанып, әрдайым лайықты бағасын беріп келеді. Мұндай құрмет бізді одан әрі қанаттандырып, игілікті істерге жетелей түседі. Халқымызда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген аталы сөз бар. Менің тәрбиеленушілерімнің арасында таудай талабымен танылып жүрген талантты бүлдіршіндер аз емес. Олардың ішінен Айбибі Әбіләкімді бөле-жара айтар едім. Оның басқалардан озық, орны бөлек екеніне ұжымдағы әріптестерімнің де көздері жетіп, болашағынан зор үміт күтіп, сенім артуда. Бұл бүлдіршіннің ән


салудағы талғамы, тақпақ айтудағы мәнері, сурет салудағы ойының айқындығы, ермексазды пайдаланудағы құнттылығы, берілген тапсырманы орындаудағы ұқыптылығы өзгелерге өнеге. Кейде оның өзінің тобына жетекшілік жасап, менің бір жағымашығып кететініне өте қуанамын. Айбибінің небір байқауларда жеңімпаз атанып, грант иегері болып жүргені осындай алғырлығының арқасы болса керек. Оның елпең қаққан елгезектігін, айтқаныңды қағып алатын тілалғыштығын көрген сайын менің кеудемді мақтаныш сезімі билеп, оған деген жыр жолдары кернеп кетеді. Сол бір жан сырымды да жасырмаймын.

Айбибі сенсің әдемі,
Ойыңның мөлдір тереңі.
«Ерке-Нұр» түгел ардақтап,
Өзінді жақсы көреді.
Жаныңды салып ар үшін,
Көрініп жүр шабысың.
Топтан озған жүйріксің,
Қорғаған «Ерке-Нұрдың» намысын.
Топ бастаумен келесің,
Бәрін де жақсы көресің.
Беглан әкеннің рухы,
Әрдайым сені жebesін...

Мен Айбибі Әбіләкімнің өмірге деген құлшынысы мен ұмтылысынан үлкен үміт күтемін. Оған балабақшада алған білімімен қатар, әкесі Беглан Әбіләкімұлы Бәкір мен анасы Венера Бәкірдің берген өнегелі тәрбиесінің тигізген ықпалы ерекше деп білемін. Әттең, Айбибі мен анасы үшін орны толмас өкініш те жоқ емес. Ол осыдан біраз уақыт бұрын танымал суретші-дизайн, Айбибінің болашағынан зор үміт күтіп, оны алға жетелеген аяулы әкесі Бегланның мезгілсіз қайтыс болуы. Бұған қолдан келер шара бар ма? Тағдырдың жазуы солай болды. Асқар таудай әкесінің асқақ арманын Айбибінің жүзеге асыратынына нық сенімдімін. Айбибі Әбіләкімді алда небір армандардың, биік асулардың көкжиегі күтіп тұр. Ол соған қазір қызу дайындық үстінде. Оның мектеп қабырғасында да озаттар сапынан көрініп, алысқа құлаш сермейтіні айдан анық. Сондықтан да оны өз қызымнан кем көрмеймін. Қайда жүрсем де мақтаныш етіп жүремін. Алдынан ай, артынан күн туса деген ниет пен тілектемін.



«ҚАР ҰЛПАСЫ»



**КАДЫРОВА Салима
Сарсенбайқызы,**
Алматы қаласындағы
№58 балабақшасының
жоғары санатты тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным. Шығармашылық. Қа-
тынас. Денсаулық.

Бөлімі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдерімен, ай ат-
тарымен, тәулік бөліктерімен (таң, күндіз, кеш, түн)
таныстыру. Жалпы қардың қасиеті туралы түсініктерін
кеңейту. Балалардың белсенділігін, қызығушылығын,
сөздік қорын, ой - өрісін дамыту. Табиғатты қорғауға,
қамқоршы болуға тәрбиелеу. Зерттеушілік қабілет-
терін арттыру. Түстерді кайталау. Зерттеу жұмыстарын
жасай отырып, өз ойларын, түсініктерін жеткізе
білуге дағдыландыру. Қардан түрлі пішіндер жасау
жолдарын көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар: Үлестірмелі мате-
риалдар, қар, ыдыстар, бояулар, картинкалар, қыл-
қаламдар, су, тіс пастасы.

Алдын-ала жұмыс: Түсіндіру, әңгімелесу.

Сөздік жұмыс: Қар, мұз, сырғанақ, үлпілдек.

Билингвальды компонент: Қыс-зима -winter, қар-
снег- snow, мұз-лед- ice.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметіміздің не туралы
болатынын үстел үстінде тұрған пазлдарды құрастыру
арқылы білетін боламыз. Иә, бүгін біз қармен толы-
ғырақ танысамыз. Қане, бәріміз экранға назар ауда-
райық.

– Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? (4 мезгіл
бар).

– Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

– Қыс мезгілінің айларын кім атап береді? (Жел-
тоқсан, қаңтар, ақпан).

– Қыста жауатын қар қандай? (Суық, аппақ, үл-
пілдек, жұмсақ).

– Қар қалай жауады? (Жапалақтап жауады).

Тыныс алу жаттығуы: «Үлпілдек қар».

– Жарайсындар, аппақ ұлпа қармен танысуы-
мызды жалғастырайық. Қардың түсі аппақ болады.

Оны микроскоппен қарағанда ол қиыршық тұзға,
қантқа, ал жұмсақтығы аппақ мамық мақтаға ұқ-
сайды. Қар қыста мұз болып катады. Біз мұзды күнде-
лікті өмірде қайда кездестіреміз? (Тоңазытқышта).

– Балалар, қарды түрлі формаға келтіріп бояуға да
болады. Сонда ол түсін өзгертеді. Қане, алдымызда
тұрған қардан «тәтті кәмпіттер» жасайық. Ол үшін
қарды пішінге келтіріп, қылқаламмен бояймыз. (Ба-
лалардың жұмысы).

– Өте керемет, жарайсындар! Балалар, қар катады
және ериді екен. Қазір мен сендерге қардың қалай
еритінін көрсетемін. Ол үшін маған екі ыдысқа са-
лынған қар қажет. Қар суық суда немесе ыстық суда
ериді. Қайсысында тез еритініне қазір көз жеткіземіз.
Ыдыстағы судың қайсысы суық, қайсысы ыстық?
(Балалардың жауабы).

– Қайдан білдіңдер? (Ыстық судан бу шығып тұ-
рады).

– Көріп тұрғанымыздай, қар ыстық суда тез ериді.
Яғни, күн жылынғанда қар еріп суға айналады. Ал,
енді қонақтарға қыстағы қар жамылған ағаштың су-
ретін салып көрсетейік. Сурет салмас бұрын қолы-
мызды жаттықтырып алайық. Ол үшін саусақтары-
мызды ашып, бір-бірімен түйістіреміз.

Қарға ұшып жүр тіміскілеп маңайды,

Ағаштарды, бұталарды мұқият шолып қарайды.

Қалың қардың арасыда назарынан қалмайды,

Құрғап қалған жемістердің дәндерін жинайды.

Ал енді қолымызға тіс пастасын алып, қыстағы
ағаштың үстіне қар салайық. Қауіпсіздік ережелерін
естен шығармайық. (Балалардың жұмысы).

Қимылды ойын: «Боран».

Шарты: Балалар орындарынан тұрып әртарапқа
қарай секіріп, жүгіріп ойнайды. Музыка ырғағымен
боран соққанда орындарын тауып отырулары қажет.
Отырып үлгермеген бала ойын ережесіне сәйкес
ойыннан шығады.



«ТАБИҒАТ – ТАҢҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ»



ҚАНАЙБЕК Айдана Мұратқызы,
Алматы қаласындағы №34
бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Балалардың табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат жөнінде мағлұмат беру. Оған сүйіспеншілікпен қарауға, қамқорлық жасай білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: ТРИЗ технологиясы, саяхат, әңгіме, түсіндіру, көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар: Тақырып бойынша суреттер, слайд, ұнтаспа.

Сөздік жұмыс: Тамшылап, сіркіреп, нөсерлетіп.

Билингвальды компонент: Табиғат-природа, кемпіркосак-радуга.

Шаттық шеңбері.

Ойын: «Жер шары».

Шарты: Тәрбиеші қолындағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтады. Қағып алған бала жер шарында кімдер, нелер мекендейтінін айтып, допты кері лақтырады. (Мысалы «Жер шары» дегенде, бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс).

– Жарайсындар! Адамдар, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, тауларды бір сөзбен не деп айтамыз? (Табиғат).

– Дұрыс, біз бүгін осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз.

Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тындау.

– Балалар, не естідіңдер? Ненің дыбысы? (Балалардың жауабы).

– Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Табиғат – бізді қоршаған орта, туған ел, ауа, күн мен жер, су, орман, жануарлар. Табиғат тірі және өлі табиғат болып екіге бөлінеді. Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады. Олар өседі, дем алады, көбейеді. Өлі табиғатқа: су, тас, құм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды. Тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Оны біз саяхат барысында бақылап көреміз. Олай болса бәріміз табиғат аясына, орманға саяхатқа аттанаық.

1-бекет. «Шуақты күн».

Жұмбақтарды шешу арқылы күннің шуақтарын шашу.

Аспандағы әсем белбеді,

Алып белге буынсам. (*Кемпіркосақ*)

Көтеріліп теңізден,

Аспанға биік барамын.

Биіктен қайта түскенде,

Өңі кірер даланың. (*Жаңбыр*)

Көзге көрінбейді,

Жұтсаң білінбейді. (*Ауа*)

Танмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (*Күн*)

2-бекет. «Су».

– Балалар, қараңдаршы, экранда сылдырап ағып жатқан не? (Су).

– Судың қандай пайдасы бар? (Балалардың жауабы).

– Су өлі табиғатқа жатады, ал біз суды ішеміз. Бізге пайдасы өте көп екен. Демек, өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланыста. Олай болса, суға тәжірибе жасап көрейік.

Керекті заттар: Шикі жұмыртқа, стакан, бірнеше шай қасық тұз.

Тәжірибе. Стаканға таза су құйып, оған шикі жұмыртқаны саламыз. Ол су түбіне батып кетеді. Жұмыртқаны стаканнан шығарып қоя тұрып, стакандағы суға тұзды жақсылап ерітеміз. Енді жұмыртқаны қайтадан осы суға саламыз. Суға батқан жоқ! Тұз судың тұздылығын арттырады. Судағы жұмыртқа тұздың мөлшері көбейген сайын тығыздылығы күшейіп, ол суға батып кетпей, су бетінде қалқып жүреді.

3-бекет. «Ізін тап». Жерде аңдардың іздері жатады.

– Балалар, қараңдаршы, табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен.

Интерактивті тактадан жердегі аңның ізінің, қай әндікі екенін жасыру.

4-бекет. «Сикырлы кемпіркосақ».

Кенеттен жаңбырдың тырсылы естіледі.

– Бұл ненің дыбысы? (Жаңбырдың).



– Жаңбыр жауған кезде қолымызға не ұстаймыз? (Қолшатыр).

– Жаңбырдан сон аспанда не пайда болады? (Кемпіркосақ).

– Біз өз қолымызбен кемпіркосақ жасап көрейікші. (Балалардың жұмысы).

5-бекет. «Ауаны анықтайық».

Бар ма, жоқ па, оны анық білмейсің,

Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? (Ауа).

– Ауа бізге не үшін керек? Ауаның түсі қандай? Қолмен ұстауға бола ма? (Балалардың жауабы).

– Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлmemіздегі гүлдер де ауадағы шанды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады екен. Демек, біз өсімдіктерге қамқор болуымыз керек. Балалар, айналаға қараңдаршы, біз ауаны көреміз ме? (Жоқ).

1-тәжірибе: Әр баланың қолына айна беріледі. Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткізеді.

2-тәжірибе: Енді мұрнымызды қолымызбен жауып, аузымызды ашпайық.

– Көрдiңдер ме, ауасыз тыныс алу мүмкін емес екен. Ал енді табиғат аясында бойымызды сергітіп бір тынығып алайық.

Сергіту сәті:

Тәулік бойы тынбайтын,

Болайықшы ақ жаңбыр.

Астан-кестен жауатын,

Өткінші енді біз жаңбыр.

Қатты нөсер басылды,

Күн жарқырай ашылды.

Көктен төмен әдемі,

Кемпіркосақ шашылды.

Ойын: «Жақсы мен жаман».

Ойыннан кейін балалар саяхатын аяқтап, балабақшаға оралады.

«ДОС ІЗДЕУ»

ДӘУРЕНБЕК Гүлдана Амангелдіқызы,

Алматы қаласындағы №153 бөбекжай-
балабақшасының психологы

Мақсаты: Балалардың достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Слайд суреттері, ойынға арналған орамал т.б.

Шаттық шеңбері.

Балалармен сәлемдесу, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды оқу қызметінің ережесімен таңыстыру:

- бір-бірін тыңдау,
- уақыт үнемдеу,
- белсенділік таныту,
- достық қарым-қатынас,
- жағымды эмоция тудыру.

Балалар дөңгеленіп тұрып, өз аттарын айтады және қасындағы балаға жағымды көңіл-күй сыйлап, жақсы тілек білдіреді. (Аружан сені көргеніме қуаныштымын. Әрқашан көңілді болып жүр. Достарың көп болсын. т.б.).

Сонан соң балалар күн, ай, жұлдыз болып 3 топқа бөлінеді.

1-жаттығу: «Ойға шабуыл» әдісі. Балаларға сұрақ: «Дос» сөзін қалай түсінесің? (Дос бір-біріне көмектесу, бірге ойнау, серуендеу т.б.).

Күн: Нағыз достықты адал және амал достық дейді. Адал дос дегеніміз, адамға шабыт береді. Олар бір-бірінің қуанышына ортақтасып отырады.

Ай: Достық дегенді қалай түсінесіңдер? Достық – ізгі ниетті адамдардың бір-біріне жақсылық жасауы. Ниет білдіріп іс-әрекетке ортақтасуы.

Жұлдыз: Жалған достықтың ғұмыры қысқа болады. Олар бір-біріне шынайы болмайды. Бір-бірінің кемшіліктерін түзетуге тырыспайды.

– Сонымен, біз досқа сенеміз, досты сатпаймыз, көмектесуге, көңіл білдіруге әрқашан дайынбыз. Досымызға сене аламыз. Қалай ойлайсыңдар? Сендер өздерінді сенімді доспыз деп санайсыңдар ма? Біз ойымызды ашық айта аламыз ба? Кімде сенімді дос бар? (Балалардың жауабы).

Ойын: «Дос іздеу».

– Әр адамға әрқашанда дос керек. Достары болмаған жағдайда адам оларды табуға тырысады. Қазір көптеген газет-журналдарда өзіне дос іздеген хабарландырулар жиі басылады. Бізде қазір хабарландыру жасаймыз. Оның аты «Дос іздеу». Алдымен ортаға бір бала шығады. Оның көзін орамалмен байлаймыз. Оған жанындағы балалардың бірі өзі жөнінде мәлімет береді. Өзінің немен айналысатыны жайында ай-



туына болады. Көзі байланған бала хабарландыруды кім айтқанын табады. Егер оны тапса, онда қосымша автордың жақсы жақтарын көрсетеді.

– Ойынды талдайық. Өз ойынды ашық айту, өзін туралы хабарландыру немесе белгілі бір мәлімет беру онай ма? (Балалардың жауабы).

«Мен кімін?». Мен өскенде кім боламын? Қандай мамандықты жақсы көремін? – деген тақырыпта өз портреттерін салу.

Қорытынды: Балалар оқу қызметі жайлы өз ойларын айтып, қолдарынан ұстап тілектерін білдіреді.

«ТҮЙМЕҚЫЗ» ЕРТЕГІСІ



**БӘКІР Орынкүл
Әбіләкімқызы,**
